3 Ұлттық ат спортын дамыту мүмкіндігі



4 Жаңа ғылыми идея мемлекеттік қолдауды қажет етеді

5 Сәдуақас Баймаханов кім болған?

6 Тектінің ұрпағы

Сыр бойы

№130 (20204)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

26 тамыз, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Жаңа жүйе нені көздейді?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы Ербол Қарашөкеевті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі жағдайы мен саланы тұрақты дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар туралы баяндалды.

Ербол Қарашөкеев Президентті өсімдік шаруашылығын, соның ішінде сұранысқа ие дақылдарды өндіруді, саланы цифрландыру мен жерді игерудің нақты технологиясын енгізуді және тұқым шаруашылығының заманауи жүйесін құру жайында хабардар етті. Сонымен қатар, ведомство басшысы мал шаруашылығын дамыту, егістік пен жайылымдық даладағы өсімдіктер құрамының түрін анықтау үшін ғарыштық бақылау мен қашықтан зондтауды қолдану жоспарымен таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мемлекеттік қолдау шаралары мен субсидиялау тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ ветеринарлық қызмет, аграрлық ғылым мен кадрларды даярлау жүйесін жаңғырту жұмыстары туралы айтылды.

Саланы реформалаудың негізгі бағыттары 2021-2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысы кездесу соңында дайын өнім шығаруды дамытуға, егін жинау жұмыстарын уақытылы әрі сапалы ұйымдастыруға, алдағы қыста мал шаруашылығын азықпен қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар тапсырмалар берді.

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Сынақты кезеңнен ширығып шығу қажет

2020 тарихта ерекше жыл ретінде есте қалғаны анық. Алқымнан алған індет көптеген салаға салқынын тигізді. Әсіресе, білім беруде бұрын-соңды болмаған өзгерістер орын алып, қашықтан оқыту тәсілі қолданылды. Ол – мұғалімдер қауымына, ата-анаға үлкен сын болды. Телефон мен компьютерге телмірген оқушы мектептің қадірін ұғынды. Бірінші сынып оқушылары үшін ұстаздың жүзін көрмей, қаріп тану қиынның-қиыны болғаны да рас. Қысқасы, онлайн мен дәстүрлі білімнің айырмашылығы жер мен көктей екенін мойындадық. Қуантатыны, биыл балалар мектепке барады және эпидахуалға байланысты оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету күн тәртібінде. Бұл туралы «Білімді ұлт – тұрақты даму кепілі» тақырыбындағы облыстық дәстүрлі тамыз кеңесінде жан-жақты баяндалды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Дәстүрлі тамыз кеңесіне облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Парламент Сенатының депутаттары Мұрат Бақтиярұлы мен Ақмарал Әлназарова, ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева, «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамының вице-президенті Санжар Тәтібеков қатысты. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Ғани Бейсембаев пен Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, аймақтағы білім беру ұйымдарының 400-ге жуық өкілі онлайн платформа арқылы қосылды.

Облыс әкімі алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі форматта оқуға дайындықты қамтамасыз етуді тапсырғанын, бұған дейін өзі де облыстағы білім ошақтарын аралап, жағдайды саралағанын жеткізді. Салада жүзеге асып жатқан реформаларға тоқталды. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қарқын алғанын, мұғалімдердің еңбекақысы артып, қосымша функциялардан босату бойынша шаралар қабылданғанын баяндады.

– Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында өздеріңізбен дәстүрлі тамыз кеңесінде кездесіп отырмыз. Шараны алқалы жиын емес, білім саласының кешенді даму жоспарын айқындап, тың ой мен ерекше идеяларды ортаға салатын алаң деп есептеймін. Көптен күткен сәт жетті. Биыл жаңа оқу жылында 294 мемлекеттік және 10 жеке мектепте 177 мың оқушы білім алмақ. Оның ішінде 1-сыныпқа 18 мыңнан аса бала қабылданады. Қазіргідей қиын кезеңде біз үшін әрбір баланың денсаулығы маңызды. Сондықтан облыстық білім басқармасына, барлық білім ұйымдарында санитарлық талаптарды қатаң сақтауды тапсырамын. Оқу дәстүрлі форматта басталғанымен, қашықтан оқыту кезіндегі білім сапасы кемшіліктерінің орнын толтыру да назарда болуы тиіс. Соған сәйкес негізгі пәндер бойынша былтырғы қиын тақырыптарға көбірек сағат бөлініп, оқу бағдарламаларын түзетуге негіз беріледі.

2-бет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

26 ТАМЫЗ

• 1998 жылы Тараз қаласындағы Тараз мемлекеттік университетінің алдына ұлы тарихшы, шығыстанушы, ойшыл, ақын, қолбасшы Мұхамед Хайдар Дулатиге ескерткіш орнатылды.

• 2005 жылы Алматыда Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдық мерейтойына арналған жаңа көркем пошта маркаларының таныстырылымы болып өтті. Пошта маркасында Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығын тойлау рәсімі бейнеленген.

• 2011 жылы Астанадағы Ұлттық теннис орталығына Азия теннис орталығы дәрежесі берілді. Енді әлемде екі Азия теннис орталығы бар, біреуі – Бангкокта, екіншісі – Астанада.

• 2013 жылы Астанада жоғары білім беру мәселелері бойынша қазақстандық-малайзиялық жұмыс тобының бірінші отырысы өтті.

27 ТАМЫЗ

• 1992 жылы Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды.

• 2009 жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңдегі Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы туралы» Жарлыққа қол қойды.

• 2012 жылы Астанада «Ядролық сынаққа тыйым салудан ядролық қарудан азат бейбітшілікке» атты халықаралық конференция өтті.

• 2013 жылы ҚР Ұлттық банкі номиналы 500 теңгелік Ұлттық валютаның енгізілуіне 20 жылдыққа арналған естелік монета айналымға шықты.

• 2013 жылы «Қазғарыш» делегациясы Ресейде өткен әлемдегі ірі форумдардың бірі «МАКС-2013» авиафорумына қатысты. «МАКС-2013» аясында «Қазғарыш» делегациясы ресейлік, украиндық әріптестерімен бірқатар іскерлік кездесулер өткізді. Ғарыш саласындағы одан әрі ынтымақтастық талқыланды.

«Болашақтың» болашағы зор

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Болашақ» университетіндегі жаңа спорт кешенінің ашылу рәсіміне қатысып, оқу орнындағы жатақхана, жылыжай жұмыстарымен танысты.

Шараға «Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі, профессор, ұлттық ғылымдар академиясының академигі Бақберген Досмағамбетов, қала әкімі Ғанибек Қазантаев қатысып, университет кампусын аралады.

Жабық спорт кешенінің жалпы аумағы – 2260 шаршы метр. Ғимарат құрылысы өткен жылы жеке инвестиция есебінен салынған. Нысан ішінде шағын футбол, баскетбол, волейбол, гимнастика, бокс, күрес, ауыр атлетика, үстел теннис залы және бассейн қаралған.

Сондай-ақ, университеттегі жаңа жатақхананың лентасы қиылды.

Аймақ басшысы 444 орындық Назарбаев университеті үлгісінде салынған жатақхананы аралап, студенттерімен дидарласты. Мұнда «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының II курс студенті Камал Мейірхан вакцина салдырып, ұтыс нәтижесімен жатақхана төлеміне 50% жеңілдік алғанын жеткізді.

Мұнан кейін аймақ басшысы жаңа корпустың алдында салынып жатқан екінші жатақхананың құрылысын көрді. Жатақхана құрылысы 2022 жылдың қаңтар айында аяқталады.

Облыс әкімі университет ауласындағы конгресс-холдың құрылыс жұмыстарымен де танысты. Алдағы уақытта мұнда дүкен, дәріхана, пошта бөлімшесі секілді студенттердің күнделікті өміріне қажетті нысандар салынбақ. Сондай-ақ, Гүлшара Әбдіқалықова университет жылыжайының жұмысымен танысты. Аумағы 2000 шаршы метрді құрайтын жылыжай сегіз бөліктен тұрады. Мұнда қияр, қызанақ, құлпынай, лимон секілді жеміс-жидек пен көкөністің бірнеше түрі өсіріліп, университет асханасында қолданылады. Облыс әкімі университет ұжымына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, университет аумағында 1 оқу корпусы, 400 орындық жатақхана, конгресс-холл, студенттерге қызмет көрсету орталығы, кинотеатр, көрме залы, ашық спорт кешені, сауда ойын-сауық орталығы, тәжірибелік-өндірістік орталық, клиника, балабақша, дендропарк қарастырылған. Университетте 250 педагог 5000-ға жуық студент және магистрантқа білім береді.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Ауыл азаматымен ажарлы

Ауыл десе айналасына риясыз көңілмен қарайтын ақ пейіл адамдар көз алдыңа келеді. Ала таңнан тұрып, алқаптағы егісті бетке алатын диқан қауым алтын уақыттың әрбір сәтін қалт жібермейді. Айталық, ақпан айының ішінде көктемгі дала жұмыстарын бастап кететін олар ала жаздай аптап ыстықта егінді күтіп-баптап, күздің қара суығы түскенше жинап, қырманға тасып алады. Рас, бұрын бұл жұмыстардың басым бөлігі қол еңбегін қажет ететін, ал қазір заманауи техникалардың көмегімен егіншілердің бейнеті біршама жеңілдеді. Жыл сайын алынған өнім көлемі арта түсіп, шаруашылықтың табысы ұлғая бастады. Соның нәтижесінде егінші-механизаторлардың әлеуметтік жағдайы жақсара түскен.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Жалағаш ауданы Таң ауылындағы «Таң ЛТД» ЖШС-ның бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысқанда осындай жемісті еңбектің куәсі болдық. Жалпы серіктестік қарамағында 375 адам еңбек етеді. Техника паркі жаңартылған, ең алғаш 400 гектардан бастаған серіктестік бүгінде 4 мың гектарға егін егеді. Оның негізгісі күріш, қалғаны майлы дақылдар мен бақша өнімдері. Сонымен қатар, шаруашылықта жас мамандарға жасалып отырған қолдау ерекше.

6-бет

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Балаңыз қараусыз қалмасын!

Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша былтыр елімізде 105 бала көпқабатты үйдің терезесінен құлаған. Өкінішке қарай, 18 бала мерт болса, 87 бала ауруханаға жатқызылған.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Үрейді ұшыратын түрлі дерек бар. Осының бәрін саралай келгенде ең басты жауапкершілік, әрине, ата-анаға тиесілі. Себебі, жазатайым жағдайдың көпшілігінде балалар үйде үлкендердің бақылауынсыз қалады екен. Тіпті, ата-ананы жауапқа тарту туралы да пікірлер айтылуда.

6-бет

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Сынақты кезеңнен ширығып шығу қажет

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы білікті кадрлармен қамтамасыз етуді тапсырды. Жаңа оқу жылынан бастап алғаш рет бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде директорларды ротациялау жүргізіледі. Педагогтар да жұмысқа конкурстық негізде қабылданады. Егер бұрын-соңды мұғалімдерді жұмысқа директор қабылдаса, ендігі кезекте қабылдау нақты және біліктілік талаптары бойынша конкурс арқылы электрондық форматта өткізілмек. Бұған қоса келер жылы балабақша, мектеп және колледж педагогтарының еңбекақысы тағы 25 процентке артады. Президенттің тапсырмасы бойынша төрт жылда еңбекақы 2 есе өседі. Осы шаралардың барлығы салаға серпін берері анық, – деді облыс әкімі.

Конференцияда ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева білім экономикасының негізгі факторы – адами капитал, ал өркениет талабына сай болу үшін балаларды жан-жақты дамыту маңызды екенін алға тартты. Инклюзивті білім беру үшін арнайы мектеп ашу, мұғалімдердің медициналық анықтамасын әзірлеуде жеңілдіктер қарастыруға қатысты ұсынысын ортаға салды. Сенат депутаты Мұрат Бақтияұлы халық қалаулыларының осыған дейін ауыл-аймақтарды аралап, білім саласының ахуалымен танысқанын жеткізді. Сонымен қатар депутат «PISA-2018» нәтижелері ауылдық және қалалық мектептер арасында білім сапасында алшақтық бар екенін көрсеткенін алға тартты. Сол себепті алдағы уақытта ауыл мектептеріне кешенді шаралар, ресурстық орталықтар әдістемелік көмек көрсететін болады.

Қазір кәсіптік-техникалық білім берудің дамуында, жұмысшы мамандығының насихатталуында «Жас маман» жобасының септігі зор. Оның мақсаты – 180 колледжді және 20 жоғары оқу орнын 100-ден аса талап етілетін мамандықтар бойынша жаңғырту және білікті мамандарды даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу. Бұл ретте Санжар Мейірханұлы қоғам қажет ететін, сұранысқа сай мамандықтардың қатарында жұмысшы мамандығы барын ескеруге шақырды. Жалпы, облыстағы 30 кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орнында 97 мамандық, 163 біліктілік бойынша 19775 студент білім алуда.

Кеңесте Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Ғани Бейсембаев цифрландыру трендтері, жаһандану жағдайындағы білім беру мазмұнын трансформациялау тақырыбын тарқатты. Сондай-ақ, коронавирустың білім саласына әсері айтарлықтай болғанын және одан шығудың жалғыз жолы – жаңа жағдайға бейімделу екенін

баса айтты. Расында індет білім саласындағы жауапкершілікті еселеді. Бірақ, коронавирустың кедергісімен қатар, пайдалы тұсы жоқ емес. Мұны ұстаздардың IT құзыреттілігінің артқанынан байқауға болады. Облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымованың айтуынша, қазір ұстаздар жаңарған әдістер арқылы сабақ берудің тиімді тәсілін меңгерген. Мәселен, өткен жылы басқарманың YouTube арнасында 500-ден аса телесабақтар топтамасы әзірленіп, қолжетімді ресурс қалыптасты. Онлайн оқыту мектептердің компьютерлік паркін жаңартуға да септігін тигізіп отыр. Компьютерлер паркін 100% жаңарту нәтижесінде бір оқушы санына шаққандағы компьютерлер көрсеткіші 14-тен 5-ке дейін төмендеген. Пандемия уақытында оқушылар белсенділігі бәсеңдеген жоқ. Бүгінде оқушыларды олимпиадаға дайындау нәтижесі бойынша жалпыкомандалық есепте облыс III-орында тұр.

– Балалардың тұлға ретінде қалыптасуында қосымша білім беру ұйымдарының ролі ерекше. Алдағы уақытта тірек мектептердің тәжірибесі әрбір ауданға таратылатын болады, – деді басқарма басшысы.

Биыл «Кәсіпкерлік мектебі» мен «Мектеп обсерваториясын» қолға алатын боламыз. Пилоттық негізде «Мектеп театры» жобасы енгізіледі. Ал, ойын арқылы оқыту қағидаты негізінде мемлекеттік стандартты әзірлеу күн тәртібіне көтерілгендіктен үлгілік оқу бағдарламалары қайта қаралуда. Талантты, сыни тұрғыда ойлай алатын жастарды қалыптастыру мақсатында «Сыр дарыны» білімділер академиясын ашуды жөн деп таптық. Академия арқылы өңір абыройын асқақ етуге асық 100 оқушы іріктелді. Президент айқындап берген тағы бір маңызды мәселе – қала мен ауыл мектебінің арасындағы алшақтық. Бұл ретте білім айырмасын төмендету назарымызда. 2019 жылдан бастап ауыл мектептерінде білім алатын оқушыларға арналған «Мың бала» олимпиадасына Сыр өңірінен 27502 оқушы қатысып, 174 оқушы жеңімпаз атанды. Ресей, Беларусь мемлекеттерінде өткен халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардан 8 оқушы жүлделі орын иеленді. Биыл 7004 бітірушінің 5730-ы, яғни 82 проценті Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты. Нәтижесінде құжат тапсырған 5184 талапкердің 3849-ы мемлекеттік білім беру грантына қол жеткізді. Пандемия шектеулеріне қарамастан 4 оқушы білімін SAT халықаралық стандартталған тест сертификаты негізінде дәлелдеп, тесттен 140 балл алып, беделді университеттердің студенті атанды. Ал, жуырда Түркияның Стамбул қаласында география пәнінен өткен халықаралық олимпиадада №9 «Білім-инновация» лицей-интернатының 10-сынып оқушысы Ерасыл Сапарбеков қола жүлдені иеленіп, мерейімізді еселеді.

Айта кетейік, биылғы оқу жылындағы қуанышты жаңалық – мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндер «Әліппе» мен «Ана тілін» оқиды.

Жүлдегер Ерасыл Сапарбековтың атасы Сапарбек Кемелбайұлы орайлы сәтте оның Сырдариядағы Н.Ілиясов ауылында білім алғанын, 6 сыныптан кейін №9 «Білім-инновация» лицей-интернатына оқуға түскенін айтты. Ауыл балаларын жан-жақты қолдап, үздіктер қатарынан табылсам деген мақсатын ұштауға атсалысып жүрген облыс басшылығына, ұстаздар қауымына ризашылығын білдірді.

Шара соңында педагогика саласында еңбегі сіңген бірқатар ұстаз Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Ал, облыс әкімінің «Үздік орта білім ұйымы» грантының иегері атанған Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейіне 34 млн теңге көлеміндегі сыйақы табысталды.

Кеңес мақсаты – өткеннен қорытынды шығарып, жаңа оқу жылындағы негізгі басымдықтарды пысықтау болатын. Ол бұл мақсат үдесінен шықты. Ең бастысы, саланы алға сүйреуде жүйелі із бар. Жоспар жеткілікті. Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, алдағы 5 жылда «Nur Otan» партиясының жол картасы аясында 28 мектептің құрылысын жүргізу көзделуде. Биыл 6 жаңа мектеп пайдалануға беріледі. Оның қатарында Президент тапсырмасымен іске асқан Арал ауданы, Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектеп пен инвесторлар есебінен жүргізілген 2 жеке мектеп бар. Қалған 3 мектеп жыл соңына дейін аяқталады. Бұдан бөлек, бірнеше жылдан бері жөндеуді қажет еткен Жалағаш ауданындағы 2 білім беру нысаны жаңармақ. Облыста инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында 2020-2022 жылдарға арналған арнайы жол картасы да жасақталған. Биыл 47 мектепке дейінгі мекемеде логопункт ашылып, олар логопед маманымен қамтылады. Сондай-ақ, мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында студенттерге қажетті жатақхана салу күн тәртібінде. Ал, биыл 400 орындық жатақхана пайдалануға беріледі.

1-бет

НАЗАР

Биылғы оқу жылының басты жаңалығы балалар бұрынғыдай дәстүрлі форматта білім алады. Барлық мектепте санитарлық талаптардың сақталуы қатаң бақылануда. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өткен аптада қала мектептерінің жаңа оқу жылына дайындығын сараласа, сейсенбіде шеткі аймақтар мен Сырдария ауданына қарасты Шіркейлі елді мекеніндегі білім ошағын аралап көрді.

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Мектепке жүктелген міндет ауқымды

Бүгінде облыстағы барлық білім ордалары жаңа оқу жылына дайын. Мектепке асыққан балалар енді бұрынғыдай мұғалімнен тікелей сабақ тыңдап, сыныптастарымен тақырыпты емін-еркін талқылай алады. Бұл оқу сапасының жақсаруына әсер ететіні белгілі.

Бірақ, бұл жолы эпидахуалға байланысты талаптар күшейтілген. Ұстаздар мен ата-аналар мектепке «Ashyq» қосымшасы арқылы ғана кіреді. Ал, оқушылар 5 сатылы дезинфекциялық тексерістен өтіп барып, өз сыныптарына беттейді. Тағы бір айта кетерлігі, барлық мектепте «1 сынып – 1 кабинет» қағидасы енгізілген. Оқушылар қоңырау сайын пәнге байланысты сынып өзгертпей бір кабинетте ғана білім алады, яғни орын ауыстырамын деп залда топтасып қалуына жол берілмейді.

Алдымен өңір басшысы М.Шоқай атындағы №187 IT мектеп-лицейіндегі оқу жылына даярлық барысын пысықтады. Білім ошағының кіреберісіне турникет, одан кейін дене қызуын өлшейтін құрал орнатылған. Мұнан кейінгі тағы бір ерекшелік, осы оқу жылынан бастап мектеп ғимаратында орталықтандырылған дабыл нүктесі және арнайы күзет мамандары жұмыс жасайды. Оқу процесін ұйымдастыру үшін мектепте инновациялық жоба да қолға алынды. Яғни, әрбір оқушыға QR-код енгізілген дербес карта беріледі. Онда оқушылар, ата-ана туралы деректер енгізілген. Ас мәзірі, кері байланыс және асханада төлем жасау мүмкіндігі қарастырылған.

Білім ордасында 1134 оқушы екі ауысымда білім алады, олардың 108-і алғаш рет мектеп табалдырығын аттайды. Айта кету керек, бүгінде 115 мұғалімнің 108-і коронавирусқа қарсы екпе алған.

Мұнан соң аймақ басшысы №212 мектеп-гимназиясына барды. Бұл мектепте де ереже ескерілген. Келушілердің турникетпен кіріп, дене қызуының өлшеніп, «Ashyq»-тан өтуі қадағаланады. Кіреберісте арнайы күзет қызметі ұйымдастырылған, мектептегі тәртіпті, қауіпсіздікті сақтау мақсатында ғимаратқа 30 бейнебақылау камерасы орнатылған.

– Мектептің 53 жылдық тарихында өзіндік базасы, педагогикалық ұжымы қалыптасты. Өткен оқу жылында 33 мектеп түлегінің 32-сі ұлттық бірыңғай тестке қатысып, оның 20-сы жоғары оқу орындарының мемлекеттік грантын ұтып алса, қалғандары қалаған мамандықтары бойынша колледж гранттарын иеленді, бірқатары ақылы негізде білім алады. «Алтын белгіні» иеленген 8 түлегіміз де жоғары нәтиже көрсетті.

Жақсы жаңалық, биыл мектепте 1288 оқушы білім алады, яғни өткен жылға қарағанда 38 оқушыға көбейіп отыр. Сондықтан сынып саны да артты. Осы шағын аудандағы тұрғындардан бөлек, басқа шағын аудандағы ата-аналардың да баласын оқыту үшін біздің мектепті таңдағаны қуантады, – деді мектеп директоры Бауыржан Ахмедияров.

Айта кету керек, биыл жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа оқу жылына толық дайын болғанымен, 1968 жылы салынған білім ордасы күрделі жөндеуді қажет етеді. «Сондықтан жөндеу жүргізуге байланысты тиісті құжаттар дайындалып, жұмыс жасалуда» дейді мектеп басшысы.

Талаптарға сәйкес, ұстаздар вакцинаның толық курсын алған. Жағдаймен танысқан облыс әкімі оқушылардан бөлек ұстаздардың да маскалық режимді қатаң сақтап, тазалық жұмыстарын жиі ұйымдастырып отыруды тапсырды.

Облыс әкімі Ақсуат ауылдық округінде орналасқан №268 мектеп-лицейіне де барды. Елді мекеннің демографиялық және географиялық жағынан үлкеюіне байланысты қазір мектепке қосымша құрылыс жүргізілуде. Сәуір айында басталған 200 орындық үш қабатты ғимарат құрылысы қыркүйекте пайдалануға берілмек.

Ауылдық округке қарасты 300 орындықты бұл мектеп 2013 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Биыл білім ошағында 1155 оқушы білім алады. Мұнда да оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 21 бейнебақылау камерасы, санитарлық талаптарды сақтау үшін туннель, тепловизор орнатылып, санитайзер мен антисептик кілемшелері, кварцтармен барлық сынып қамтылған. Білім ошағында қызмет ететін ұстаздардың 98 проценті екпе алған.

Аймақ басшысы Сырдария ауданына қарасты Шіркейлі ауылындағы Ә.Жәмішев атындағы №129 мектеп-лицейінің де жаңа оқу жылына дайындық барысымен танысты. Еңселі, жаңа мектепке кіргеннен-ақ, балалар саулығы үшін тиісті талаптар орындалғанын, тиянақты тірлік пен тазалықты байқайсың. Мұнда да бейнебақылау камералары, дезинфекциялық туннель, әр сыныпқа кварц шамдары мен санитайзерлер қойылған.

– Жаңа оқу жылында Сырдария ауданы бойынша 17 мектепте 8000-нан астам оқушы білім алады. Оның 805-і мектеп табалдырығын алғаш аттамақ. Оқулықтар мектептерге таратылды, ол үшін облыстық бюджеттен 43 миллион теңгеден астам қаржы бөлінді. Ал, аудан ұстаздарының 97 проценті індетке қарсы вакцина алған. Барлық мектептер «Ashyq» жүйесіне енгізілген, – деді аудандық білім бөлімінің басшысы Берік Жәнібеков.

Байқағанымыз, дәстүрлі форматтан қол үзген біржылдық үзілістен кейін, мектептер жаңа оқу жылына тыңғылықты дайындалған. Бүгінде олардың алдында оқу сапасын нығайтумен қатар, денсаулықты сақтау мәселесі де тұр. Сапар барысында облыс әкімі білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымоваға жаңа оқу жылына дайындықты тағы бір қадағалауды, талаптардың толықтай сақталуын тапсырды.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Жасампаздыққа толы жылдар

Конституция күні қарсаңында «Достық» үйінде «Тәуелсіз Қазқстан: Жасампаздыққа толы жылдар. Қызылорда облысының басты жетістіктері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахметтің жетекшілігімен өткен басқосуға ҚР Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтияұлы, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Бақберген Досманбетов, облыстық мәслихат депутаты Қылышбай Бисенов, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары, неміс ұлттық бірлестігінің жетекшісі Ирина Шек, ҮЕҰ өкілдері және жастар қатысты.

Sb Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Алғашқы сөзде облыстық қоғамдық кеңес төрағасы, Ұлттық ғылым академиясының академигі Бақберген Досманбетов тәл теңгеміздің дүниеге келу оқиғасымен бөлісті.

– Экономиканың 30 жылда қалай дамығанын санаулы минуттарға сыйғызып айту мүмкін емес. Егемендік алған уақытта 2-3 ай көлемінде Ресейдің рублін пайдаландық. Елбасы сол уақытта Англияға өзіміздің тәл теңгемізді жасатуға құпия түрде тапсырыс берді. Онға жуық адамды бір бөлмеге қамап, ақшаның эскизін жасатты. Өте қиын, күрделі жұмысты Елбасы өзінің көрегенділігінің арқасында алып шықты. Сөйтіп, 1993 жылы қарашаның 15-де тәл теңгеміз айналымға енді. Бұған дейін «барлығы мемлекеттікі» деген ұстаныммен өмір сүрген адамдарға бірден нарықтық экономиканы игеріп кету оңай тимеді. Небір ғимараттар жекеге болмашы тиынға сатылып кетті. Сол уақытта мен қаланың әкімі болатынмын. Нарықтық экономикаға өтудің күрделі кезеңдерін бастан өткіздік, – деді Бақберген Сәрсенұлы.

Егемендік алған алғашқы жылы облыста 65 ғалым жұмыс істесе, бүгінде 650 ғалым бар екен. Бұл 10 есе көп. Ғылым саласындағы жасампаздық істерді облыстық мәслихат депутаты, Ұлттық ғылым академиясының академигі Қылышбай Бисенов баяндады.

– Біз бүгінге дейін қол жеткізген жетістіктер – Тәуелсіздіктің жемісі. Егемендік алған жылдардан бастап еліміздің білім беру саласын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады. 1991-1994 жылдар білім беру саласының заңнамалық нормативтік құқықтық базасының қалыптасуы, 1995-1998 жылдар құрылымның жаңаруы, 1999-2004 жылдар басқару мен қаржыландырудағы академиялық мерзім, 2005-2010 жылдар білім беру ұйымдарына еркіндік берілу кезеңдері болса, 2011 жылдан инновациялық дамуға бейімделген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлап, жүргізілген реформаларға сәйкес білім беру мекемелерінің құзыреті кеңейді. Осылайша Қазақстанның білім беру жүйесі қалыптасты. Қазіргі уақытта заман талабына сай тәрбиеленген, өзгерістерге икемді ұрпақ еліміздің одан әрі өркендеуіне үлес қосуда, – деді Қылышбай Алдабергенұлы.

Келелі әңгіме, тұщымды ойлар айтылған дөңгелек үстел барысында Сенат депутаты Мұрат Бақтияұлы да орнықты пікір, ой тастады. Жетістік пен кемшіліктер де айтылды. Ең басты құндылығымыз – ешкімге жалтақтамайтын ішкі, сыртқы саясатын жасайтын мемлекетке айналдық. Әлемдік қауымдастықта Қазақстан өзінің орнын айшықтай алды. Әлем мойындады. Бүкіл дүние жүзіне танылды. Оларды мойындата білу де үлкен жеңіс. «Менің есімде, Қазақстан 1993 жылы алғаш рет Конституциясын қабылдады. Ол өзге мемлекеттердің конституциясының көшірмесі секілді болды. Екі жылға жетер-жетпес уақытта оған қайтадан өзгеріс енгізілді. Парламентте бірнеше айға дейін заңдар қабылданбай, талқылауда жататын. 1995 жылы қабылданған Конституцияның аясы кеңіді. Біздің 30 жыл ішіндегі жіберген бір қателігіміз – ауыл шаруашылығы саласындағы реформа. Соның зардабын әлі тартып келеміз. Тағы бір қателік, мұнайдың пайдасын әлі көре алмай келеміз. Сыбайлас жемқорлық мәселесінің күн тәртібінен түспеуі де өзекті», – деп атап өтті Мұрат Бақтияұлы.

Ашық көзқарас, пайымды пікірлер айтылған басқосуда облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов мемлекеттік басқару жүйесіндегі жаңалықтарға тоқталды. Сонымен бірге облыстық «Қазақстан халқы ассамблеясы» төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары, неміс ұлттық бірлестігінің жетекшісі Ирина Шек баяндама жасап, өзге ұлт өкілдерінің атынан алғыс айтып, бейбіт күннің қадірін білуге шақырды.

БРИФИНГ

ҚАРМАҚШЫ: Ілгерілеу ірі бастамалардан тұрады

Биыл Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылында «Қармақшы құс» ЖШС құс фабрикасы іске қосылады. Қазір сыртқы инфрақұрылым жұмыстары жүргізілуде. Қажетті құрал-жабдықтарды мемлекеттік бағдарлама шеңберінде несиелендіру жүзеге асырылмақ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Қайрат Нұртай мәлімдеді.

Sb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Ауданда барлық салада ілгерлеу байқалады. Бірқатар ірі жобалар жүзеге асуда. Өнеркәсіп, ауылшаруашылық саласында өндірілетін өнім көлемі артқан. Аудан халқы «көгілдір отынның» игілігін көре бастады. Жосалы кентінде табиғи газға қосылған әлеуметтік нысандар мен жеке тұрғын үйлер саны артуда.

Сонымен бірге Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлік 5 тұрғын үй құрылысына қаржы бөлінді. Ауданда шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысушылар қатары көбейген. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 303 жоба қаржыландырылды. Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда әртараптандыру жұмыстары қарқынды түрде жүруде. Биыл егін көлемі 24747 гектарды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1835 гектарға артық. Алайда, су тапшылығына байланысты күріш көлемі қысқарып, бау-бақша, көкөніс, мал азығы дақылдарының көлемі артқан.

Аудан басшысы мал басында да өсім барын айтты. Мүйізді ірі қара 2,2, қой 5,7, жылқы 10,9, ешкі 2,8 және түйе 5,5 процентке көбейген. Өткен жеті айда мемлекеттік бағдарлама аясында 1083 бас мал сатып алынған. Сондай-ақ, Қайрат Рзақұлұлы ауданда мал азығының бағасы бақылауда екенін жеткізді. Қазір шаруашылықтар қыс мезгіліне мал азығын дайындау жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Ескі, жаңа жоңышқаның екі орымы да орылған. Қуаңшылыққа ұшыраған Арал ауданының шаруаларына да көмек қолын созды. Арнайы жәрмеңке ұйымдастырылып, шөп арзан бағада сатылды. Жалпы, ауданда 6 ЖШС, 20 шаруа қожалығында шөп дайындайтын 26 бригада жұмыс істейді.

Ауданда мәдениет саласы бойынша көптеген іс-шара өткізіліп келеді. Биыл республикалық деңгейде жырау Көшеней Рүстембековтің 75 жылдығы аталып өтетін болады. Базар жырау Оңдасұлының 185 жылдығына арналған «Жамиғы қазақ бір туған» облыстық жыр фестивалі, Қорқыт мұраларын насихаттау мақсатында «Қорқыт мұрасы – халық қазынасы» облыстық ақындар мүшәйрасы мен облыстық деңгейде «Мәңгілік сарын – Қорқыт ата мұрасы» қылқобызшылар фестивалін өткізу жоспарланған.

Брифинг барысында аудан әкімі өзге де салаларда атқарылып жатқан істерге кеңінен тоқталды. Ауылдардағы ауыз-су, көшелерді жөндеу, абаттандыру жұмыстары да кезеңкезеңімен іске асырылуда.

Болашақ зейнетақыңыздың мөлшерін қалай көбейтуге болады?

Біз болашақ зейнетақымыздың мөлшеріне әсер ете аламыз ба? Әрине! БЖЗҚ-ға жалақымыздан міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) түріндегі 10 пайыздық аударымдарды жасай отырып, ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) да аудара аламыз...

Өзімізге немесе отбасылық бюджетке ыңғайлы соманы қалауымызша анықтап, осы «бос ақшаны» ерікті шотқа салуға болатындығы тіпті ыңғайлы. Тіпті мұндай аударымның мөлшері олардың жүйелілігі сияқты аса маңызды емес. Сондай-ақ, сіз өзіңіздің зейнетақы шотыңызды ғана емес, сонымен қатар болашағына бей-жай қарамайтын: жұмыс істемейтін жұбайыңыздың немесе құрметті демалысқа шығатын әке-шешеңіздің де шоттарын толтыра аласыз.

Ерікті зейнетақы жарналарын заңды тұлғалар да аудара алады. Жалғыз айырмашылығы – жеке тұлғалар өздері үшін және жоғарыда айтылғандай, жақындары үшін, ал заңды тұлғалар – өз қызметкерлерінің пайдасына ақша сала алады. Жұмыс беруші тарапынан ынталандыру өте заманауи және әлеуметтік жауапты құрал. Ал 2021 жылдан бастап экономикалық тұрғыдан да тиімді.

Олай дейтініміз, 2021 жылдың басынан бастап зейнетақы заңнамасына жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналарды аударуын ынталандыруға бағытталған өзгерістер енгізілді. Мәселен, қаңтар айынан бастап жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылмайды, ал жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерілуге жатады. Яғни, бұл жағдайда жұмыс беруші салық салу кезінде артықшылықтарға ие болады.

Егер қызметкер ЕЗЖ-ны өз табысынан жеке пайдасына аударуға шешім қабылдаса, онда ол еліміздің Салық кодексінің 342 және 347-баптарына сәйкес ЕЗЖ төлеуге арналған шығыстар бойынша салық шегерімін қолдануға құқылы. ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт және олардың төленгенін растайтын құжат салық шегерімін қолдану үшін растаушы құжаттар болып табылады. Жеке тұлға өз пайдасына ЕЗЖ-ны өз табысы есебінен төлеген кезде салық заңнамасында төленген сомаға салықтық шегерім көзделген. Қызметкердің қосарланған салық салуды болдырмаудан басқа да артықшылықтары айқын, олар: БЖЗҚ-дағы ерікті жарналар есебінен зейнетақы жинақтарының сомасын, ал кейіннен Қордан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайту.

Әлі де хабардар болып үлгермеген адамдар үшін – ағымдағы жылдың 1 мамырынан бастап БЖЗҚ-да ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін шот ашу автоматты түрде жүргізіледі, яғни салымшыға БЖЗҚ кеңсесіне келудің қажеті жоқ. БЖЗҚ-ға келіп түскен алғашқы ерікті зейнетақы жарнасы ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотын ашуға негіз бола алады. Бұл ретте пайдасына ЕЗЖ жүргізілетін жеке тұлғаны сәйкестендіру ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (ТАӘ, ЖСН, туған күні) бойынша жүзеге асырылады, ал барлық қажетті мәліметтерді, атап айтсақ: жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрақты тұратын жері, өзге де мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.

ЕЗЖ-ны «Қазпошта» АҚ бөлімшелері немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы, соның ішінде онлайн тәсілімен аударуға болады. Сондай-ақ, жұмыс берушіге өтініш беруге де болады, соның негізінде ол өтініш берушінің не өтініште көрсетілген үшінші тұлғаның пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын БЖЗҚ-ға тұрақты түрде аударатын болады.

Ерікті шарт бойынша жинақтардан төлемдерді 50 жасқа толған азаматтар, мүгедектігі бар адамдар, Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен, елдің заңнамасында айқындалған, шығу ниетін немесе дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ала алады. Салымшы қайтыс болған жағдайда жинақтар мұрагерлерге беріледі.

2021 жылдың 1 мамырынан бастап ЕЗЖ алушылар қатары көбейді. Оған ерікті зейнетақы жарналары мен оларға есептелген инвестициялық табыс сомасы шегінде зейнетақы жинақтары бар тұлғалар кірді, алайда олар БЖЗҚ-да және (немесе) ерікті ЖЗҚ-да кемінде бес жыл болуға тиіс, яғни ЕЗЖ есебінен қаражат жинауды бастаған азаматтар бес жылдан кейін өзінің алғашқы төлемдерін ала бастайды. 2021 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ кеңселерінде өтініш беру арқылы БЖЗҚ-да кемінде бес жыл болған ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығын шамамен 2,8 мың алушы пайдаланды.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарын алуға 50 жастағы салымшылар, мүгедектігі бар адамдар, соңғы кездері БЖЗҚ-ға бес жыл бойына ерікті жарналар аударып келген азаматтар электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен БЖЗҚ корпоративтік сайтындағы жеке кабинет арқылы онлайн тәсілімен өтініш бере алады. «БЖЗҚ» АҚ-да тіркелген, төлем алуға берілген өтініштің орындалу мәртебесін enpf.kz сайтындағы «Электрондық қызмет көрсету» – «Менің төлемге/аударымға берген өтініштерім» қызметінің көмегімен қадағалауға болады.

Жинақтардың осы түрімен байланысты тағы бір жаңалық, 2021 жылдың 1 мамырынан бастап Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының (ҚДКБҚ) талап етілмеген кепілді өтем сомаларын ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) есепке алу үшін БЖЗҚ-ға аудару тәртібін белгілейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары қолданысқа енгізілді. Бұл дегеніміз, егер депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болған және барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған банктегі депозит салымшысы кепілдік берілген өтемді төлеу басталған күннен бастап бір жыл ішінде ҚДКБҚ-ға жүгінбесе, онда ҚДКБҚ кепілді өтемнің талап етілмеген сомасын ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға есепке жатқызу үшін БЖЗҚ-ға аударады. Шот автоматты түрде ашылады. Егер азаматтың ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-сы бар болса, онда кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы осы шотқа есептелетін болады. ЖЗШ-ға есептелген кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомалары ЕЗЖ-ның басқа сомалары сияқты тәртіпте инвестицияланатынын да атап өткен жөн. ҚДКБҚ-дан БЖЗҚ-дағы ЕЗЖ-ға нақты аударымдар заңнамалық өзгерістер күшіне енгеннен кейін бір жыл өткен соң, яғни 2022 жылғы 1 мамырдан бастап қолданылатынын атап өткен жөн.

Айдан БЕКНҰР

Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу басталады

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу өтеді. Биылғы іріктеу кезеңі республика бойынша 1 қыркүйектен басталады. Мемлекеттік сектор үшін 50 қызметкер іріктеліп алынады.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Рафхат Бисенов мәлімдеді.

Биылғы іріктеудің алдыңғыдан айырмашылығы, рекрутинг процесі талап етілетін білімді, дағдыларды анықтауға ғана емес, сонымен қатар кандидаттардың шынайы мотивтері мен олардың құндылық бағдарларын бағалауға бағытталған. Көптеген кезеңдер онлайн режимінде өтеді. Мақсаты – қоғамдық мүдделерді басшылыққа алатын жас таланттарды анықтау және мемлекеттік қызметке тарту. Құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап арнайы әзірленген pkrezerv.gov.kz цифрлық платформада онлайн режимде жүргізіледі деп жоспарланып отыр.

«Президенттің 2021 жылғы 18 мамырдағы №580 Жарлығымен белгіленген талаптарға сәйкес іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар, сондай-ақ мемлекеттік тілді орташа деңгейден төмен емес деңгейде білетін Қазақстан Республикасының кез келген азаматы қатыса алады. Резервте болу мерзімі 3 жылды құрайды. Резервшіні бос мемлекеттік лауазымға тағайындау құзыреттер жиынтығы ескеріле отырып және Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссияның ұсынымы бойынша конкурстан тыс тәртіппен жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте резервке қабылдау мемлекеттік лауазымға тағайындауға кепілдік бермейді», – дейді департамент басшысы.

Сонымен қатар брифингте ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен қолға алынған «Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсы туралы да айтылды. Конкурсқа 8 ауылдық округ әкімі құжаттарын тапсырып, 4 кандидат өңірлік комиссиямен әңгімелесу кезеңіне жіберілген. Нәтижесінде Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округінің әкімі Қанат Ниеткұлов «Үздік ауыл әкімі» болып танылды. Ол қыркүйек айында өтетін республикалық конкурсқа жолдама алды.

«СБ» ақпарат

Ұлттық ат спортын дамыту мүмкіндігі

Кеше облыс әкімдігінде өңірде ұлттық ат спорты түрлерін дамыту бойынша өткізілген мәжіліске облыс әкімінің орынсабары Серік Ахмет, ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының Президенті, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеухан және аталған салада қызмет атқарып жүрген өзге де азаматтар қатысты.

Sb Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

Мәжіліс барысында қауымдастық басшысы Бекболат Қанайұлы қалың қазақ ұйысқан аймақта ұлттық ат спортын дамытуға мүмкіндік мол екенін атап өтті. Десе де кейбір спорт түрлерінен қызылордалықтар кемшін түсіп жатады. Сондықтан бұл бағытта атқарылатын жұмыс барысын пысықтап, алдағы уақытта елімізде алдыңғы қатардан көрінуге ұмтылыс қажет.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Жақсылық Оспановтың айтуынша, өңірде ұлттық ат спортына қызығушылық басым. Көкпар, аударыспақ, жамбы ату және теңге ілу секілді спорт түрлерімен айналысатын азаматтардың қатары көбейді. Атап айтқанда, көкпардан 850 спортшыға 27 бапкер тәлім беріп жүр. Ал аударыспақ бойынша 5 маман 190 адамға ұлттық сайыстың қыр-сырын үйретіп келеді. Сондай-ақ, жамбы ату мен теңге ілуге де қызығушылық білдірген жастардың саны жылдан-жылға көбейіп отыр.

– Өңірде балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, ұлттық және ат спорты клубында 8 маман 161 спортшыға тұрақты оқу-жаттығу процесін жүргізеді. Қызылорда қаласы мен Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарында жастардың көкпар, аударыспақ, теңге ілумен шұғылдануына барлық мүмкіндік жасалған. Биыл аударыспақ пен жамбы атудан қызылордалық Бекмұрат Оразбек пен Ғалымжан Өміртай еліміздің ұлттық құрамаларына қабылданды. Жастардың арасында спорт шебері атағына қол жеткізгендер қатары артып келеді, – деді басқарма басшысы.

Ұлттық ат спортын дамыту мақсатында 2010 жылдан бастап ауыл спортшыларының арасында көкпар, аударыспақ, теңге ілуден «Алтын күз» облыстық спартакиадасы тұрақты өткізіледі.

– Ұлттық құндылықты ұлықтау бағытында өңірге арнайы келіп отырған азаматтарға алғыс білдіреміз. Жергілікті ұлт өкілдері басым тұратын аймақта алдағы уақытта нәтижелі жұмыстар атқарылады. Оған барлық мүмкіндік көзі бар, – деді облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет мәжіліс барысында.

Ұлттық ат спорты түрлерінен ҚР Мемлекеттік жаттықтырушысы Нұркен Байбөриев Сыр өңіріндегі игі бастамаларға ықылас білдірді. Мәселен, қызылордалық спортшылар ересектер арасында аударыспақ пен жамбы атуда үздік үштіктен көрінсе, көкпарда төртінші, теңге ілуде бесінші орында келеді. Десе де алдағы уақытта аталған спорт түрлері жастар мен жасөспірімдер арасында кеңінен насихатталуы тиіс. Әзірге өңірде осы жағынан кемшін түсіп тұрған жағдай бар.

Мәжіліс барысында ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының атқарушы директоры Рахат Жақсыбай өңірдегі спорт түрлері бойынша федерациялардың жұмысы жөнінде баяндап берді. Оның ішінде Қызылорда облысында республикалық және халықаралық жарыстарды өткізу жайында ой-пікірін білдірді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ АЛАЯҚТЫҚ АСҚЫНЫП ТҰР

Облыс прокурорының міндетін атқарушы Мақсат Қазиевтің төрағалық етуімен қылмыстық құқық бұзушылық профилактикасы бойынша ведомствоаралық жедел мәжіліс өткізілді деп хабарлайды облыстық прокуратура.

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет және құқық қорғау органдарының басшылары қатысты. Аудандармен бейнебайланыс жасалып, пікір алмасу болды.

Жедел басқосуға Қызылорда қаласы мен Шиелі ауданында қару қолдану арқылы орын алған топтық төбелестер себеп болып отыр.

Мәжілісте сондай-ақ, өңірдегі қылмыстық ахуал мен оның ішінде өсім алған түрлерімен күрес мәселесі талқыланды.

Жалпы қылмыс 9%-ке төмендегенімен, жекелеген түрлері бойынша өсім бар. Оның ішінде аса ауыр қылмыстар 19%-ке, кісі өлтіру 6%-ке, қорқытып алушылық 75%-ке, зорлау 30%-ке, алаяқтық 40%-ке өскен. Осының ішінде алаяқтық қылмыстардың тең жартысы интернет арқылы жасалып, өткен жылдан екі есе көбейген. Бұған еліміздегі карантиндік шаралар кезінде азаматтардың интернет-дүкендер мен онлайн жеткізу көмегіне жиі жүгінуі себеп болған.

Сонымен қатар онлайн несие рәсімдеу үшін азаматтар интернет арқылы жеке мәліметтерін (аты-жөні, ЖСН, банк картасының деректемелері) ұсынып, несие алу жағдайлары жиілеген.

Осыған байланысты интернетте алаяқтардың арбауына түсуіне жол бермеу бағытында құқықтық насихат жұмыстарын жүргізу белгіленді.

Ал мал ұрлығына қарсы елді мекендерде малды құжаттандыру (сырғалау, таңба басу, чип тағу, т.б.) және ауылдарды падашылармен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылды.

Пробациялық есепте тұрған тұлғаларды қатаң бақылауға алып, тиісті шараларды жүргізу белгіленді.

Кәмелетке толмағандардың қорғалуы бойынша білім беру ұйымдарымен бірлесіп, тұрмыстық жағдайы қолайсыз отбасында тәрбиеленетін және девиантты мінез-құлықты балалармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу мәселесі қаралды.

Сонымен қатар облыс прокурорының биылғы ақпандағы өкіміне сәйкес, Қызылорда қаласындағы 14 учаскелік аймақтарға апта сайын рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылуда.

«СБ» ақпарат

«... Академиктермен кездескенде айтып жүретін едім, дүниеде болмаған, ашылмаған жаңалықты ашсақ жақсы ғой, әрине, ол нағыз революцияның өзі болар еді...»

Нұрсұлтан Назарбаев

ЖАҢА ҒЫЛЫМИ ИДЕЯ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

1. Жабулы қазан ...

Адамзат баласының тіршілігін оның тілінсіз елестетіп байқаңызшы... Не көрер едіңіз? Тілінен айырылған сары маса сықылды ызыңдап, бәлки аюдай ақырып, тынышынан айырылған пенде баласы бірін-бірі жұлып жеп, құсадан жарылып, қырылып қалар ма еді... Иә, Жаратылыс Адам ұрпағына ең ұлы нығметін – адамзат тілін тарту еткен.

Адамзат тілінің болмысы туралы тәңірлік тереңдіктегі құпияны іздеу талабы да, көп жағдайда қазіргі пенде баласы біраз нәрсенің бастауына меже қыла беретін, ежелгі грек дәуірінен – б.з.д. 4-мыңжылдықтардағы Аристотель мен стоиктерден таратылады. Әрине, онан да алыстағы тұңғиық дәуірлерге көз де, көңіл де жетпей жатса, амал қанша. Кеңістік космосына қаншама бойлап барғанымызбен, уақыт космосының жұмбақтары әлі тың жатырғаны бекер емес.

Ғарыш шарлап, ай қонып жүрген адамзат баласы, «тоты құс қанатына қарап қуанады, аяғына қарап қорынады» демекші, күні бүгінге дейін осынау ТІЛ атты таңғажайып әлемнің пайда болу құпиясын барлай алмай келді. Оны айтасыз-ау, өткен екі ғасырда атынан ат үркетін халықаралық деңгейдегі аса ірі тіл қоғамдары бұл мәселенің бетін жауып, бүркеп қоя салу туралы тоқтам жасапты.

1-тоқтам. 1866 ж. хатшылары әр кезеңдерде белгілі ғалымдар М.Бреаль, А.Мейе, Ж.Вандриес, Э.Бенвенист, Ш.Балли, Х.Педерсен, Ф.Де Соссюр, И.А.Бодуэн де Куртенэ болған Париж лингвистикалық мектебі «ешқандай гипотеза сенімді дәлелдер ұсына алмағандықтан, мағынасыз айтысулардан құтылу мақсатында» тіл пайда болуы туралы мәселені онан әрі қозғауға тыйым салды.

2-тоқтам. 1964 жылы (тамыз) Москвада өткен этнографтар мен археологтардың «Жануарлар мен адамдар арасындағы шекара туралы» (о «гранях между животным и человеком») VII Халықаралық конгресіне қатысушылар «Алғашқы қауым адамдарының қарым-қатынас құралы ретіндегі таңбалар және тіл пайда болуы» туралы мәселені күн тәртібінен алып тастады.

Әрине, бұл да пәндәуи тіршілігіміздің бір көрінісі болар. Әйтпесе адамзат ақыл-ойының ғаламдық мүмкіндіктеріне шек қоюдың өзі де үлкен күнә болмас па...

2. Инстинкт тіл туралы рефлекс

Тарих таңына көзін тырнап ашып енгені кеше ғана көрінетін жаңа ғасырдың да ширегі өтіп, шығандап бара жатқаны мынау. Біз болсақ, әлемдік өркениеттің шаңына ілесеміз деп, 100 кітап бағдарламасын қабылдап, барынша талпынып жатқан талабымыздың да тағдыр-талайына әлі де болса көз жіберіп үлгірмей жатқандаймыз. Жақсы ниетке кім қарсы болсын, бірақ біреудің қаңсығы біреуге таңсық дегенді де дана халқымыз бекер айтпаған-ау, сірә. Мұны айтып отырғанымыз – сол жүздің адамзат тілі мәселелеріне арналған бірқатарының мазмұны еріксіз ойландырады. Неге ойландырмасын, бірінің аты «Тіл – инстинкт» деп аталады екен («Тіл – инстинкт». Стивен Пинкер. Рухани жаңғыру-2019. 383 б.). Кітап атын оқығанда-ақ кеңес кезіндегі биология оқулығында болатын академик И.П.Павловтың итке жасаған «шартты рефлекс» эксперименті еске түсіп, әрі-сәрі күйде қалады екенсің. Инстинкт дегенің де сол рефлекстің нәтижесі емес пе? Сонда сан ғасырлардан келе жатқан, адамзат баласының ұлы мақтанышы болып есептелетін адамзат тілінің, ана тіліміз деп ардақтап жүретін туған тіліміздің жаратылыс табиғаты шынымен де инстинкт дәрежесінде ғана болғаны ма? Жағаңды ұстайтындай-ақ жағдай. Бірақ амал не, ғылымда қазір «инстинкт тіл» рефлексі қалыптасып, ендігі орнығып та қалды. Ал екінші бір аударма кітапта: «... Біз тілдің қызмет ету үдерісін шыбынның жұмыртқа салу себебін сезінгендей де сезіне алмаймыз...», «Біздің ғасырда тілдің түйсікке ұқсайтыны жөніндегі ең белгілі дәлелді тұжырымдаған, тұңғыш рет тіл құрылысының өте құйтырқы қағидатын ашқан лингвист – Ноам Чомский» – дейді оқулық авторы. Яғни, мұнда да адамзат тілінің пайда болуы жануарларда болатын инстинкт, шартты рефлекс құбылыстарымен салыстырылады. «...Сөздің формасы (дыбыстары) мен мағынасы (тұжырымдамасы) арасындағы байланыс шартты және еркін байланыс түрінде қолданады», «Дауысты дыбыстар буынның негізін құрайды» – деп оқытады бұл оқулық. [Виктория Фромкина., Роберт Родман, Нина Хайамс. Тіл мен ой. – Тіл біліміне кіріспе. 10-басылым. Астана-2018., 211-б]. Яғни, қазіргі тіл ғылымы батыстық қоқыстың астында қалып отыр деп толық сеніммен айтуға болады.

3. Генетикалық тіл ғылымы не дейді?

Тақырыпты қаузаңқырап отырған себебіміз де бар: осы тіл мәселесінің арғы-бергісін ақтарып-төңкеріп дегендей зерттеп-зерделеп келе жатқанымызға да ширек ғасырдың жүзі болыпты. Осы уақыттар ішінде екі монография, бір оқу құралын өз күшімізбен, онан қалды қайырымды баспагер мырзаның көмегімен әупірімдеп жүріп жарыққа шығарыппыз. Алғашқы монография «Тілдік таным негіздері және тілдік символдар» (1999), онан соң мұның толықтырылған, жаңғыртылған түрі «Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе» (2014), ақыр соңында өткен жылы ғана осы идеяларымызды орыс тілді аудиторияға таныстыру талабымен «7 Лекций по теории генетической лингвистики» деп аталатын оқу құралы жарық көрді. Енді бес кредитке сәйкестелген «Генетикалық тіл біліміне кіріспе» оқу құралы баспаға дайын тұр. Соңғы бірнеше жылдар бойы қатарынан генетикалық тіл ғылымы идеяларын еліміздің белгілі жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелері ғалымдарының талқылауларына салып, түрлі семинарлар өткізіп, қолдау тауып келемін. Әрине, бәрі бірдей қамырдан қыл тартқандай опоңай бола қалмағанын да түсінуге болар. Сондағы біздің білгеніміз – адамзат тілі инстинкт емес екен. Адамзат тілі бізге дейінгі атақты ғұламалар болжап кеткендей «еліктеу» де, «келісім» де емес.

Айтып-айтып келгенде, адамзат тілінің пайда болу негізінде ең ілкі тілжасам дәуірі адамдарының жалпы адамзатқа ортақ ғаламтанымдық ойлау қызметі тұр екен. Яки ҒАЛАМ (КОСМОС) ұғымы – ҰЛЫ ҒАЛАМДЫҚ КЕҢІСТІК және ҒАЛАМНЫҢ құрылымдық-семантикалық элементтері («әлемдік өзек», «әлемдік координата», «әлемдік кіндік»...) туралы түсініктер адамзат тілінің негізгі сүйегінде, яки жеті түрлі жұп элементті дыбыстық материалында (УН-УТ-УР-УС-УЛ-УҚ-УП) ғана емес, оның жаны мен жүрегінде де тұрғанын, яки идеялық негіздеріне де тірек болып тұрғанын білдік.

4. Ғаламды бір тарының қауызына сыйғызған ежелгі адамдар жабайы болған ба?

Бәсе, дейміз ғой, – осынау ұлы Ғаламды, оның заттары мен құбылыстарын солардың дәл өзіндей айнытпай бейнелеу үшін қайдағы бір еліктеу мен солықтау, немесе қорыққан мен қуанған сәттегі оқшау шыққан одағай сөздерден іздеу, онан қалды қоғамдық келісім, т.б. қияли себептерді тауып алу амалсыздықтың арзуындай нәрселер екен ғой. Сонау Бабыл мұнарасы туралы аңыздың астарында да бір ақиқаттың жатқаны бекер болмады: Аллаға жету талабындағы адамзат ұрпағын біріктіретін ұлы күш Тіл-құрал екенін аңғартып тұрған жоқ па осы тәмсіл. Сонымен, біздің ұққанымыз – пайда болған кезі шетсіз де шексіз уақыт мұхитының тереңіне кетеді дейтін адамзат тілінің негізінде сол ең ілкі тілжасам дәуірі адамдарының «ҒАЛАМ» туралы таңғажайып терең танымдық түсініктері тұр. Иә, ақиқатында, осынау Ғаламның заттары мен құбылыстарын бейнелеу үшін, басқа еш нәрсе де емес, сол «Ғаламның» өзі ғана балама бола алса керек.

Адамзат ұрпағына ортақ ғаламтанымдық түсінік жүйесі бойынша, барша зат-құбылыс атаулы ҒАЛАМ моделінде жаратылған. Олай болса, жаратылыс-болмыстағы барша зат атаулының әрқайсысы өзінше бір Ғалам болғаны да: Мен де – бір ғаламмын, Сен де – бөлек ғаламсың... Бір түйір дән де, тау да, тас та... бәрі де өзінше бөлек ғаламдар: Ұлы Ғалам моделінде жаратылған кіші ғаламдар.

Мұнан біраз жылдар бұрын генетикалық тіл білімі туралы әңгімемді тыңдап отырған белгілі ғалым ағамыз: сенің сол замандағы бұл адамдарың қандай данышпандар болған?!» – деп шынында да таңғалысын, әрі қаупейлеген күдігін де жасыра алмаған. Пенде баласымыз ғой, осынау ғаламдағы ең ақылды ұрпақ біз боламыз, бұрынғылардың бәрі ақыл-есі жағынан жетілмеген, ал ең ілкі тілжасам дәуірі адамдары «жартылай жабайы тобырлар» болған деген астамшылығымыздан әлі күнге дейін арыла алмай келе жатырмыз. Иә, «Ғаламды бір тарының қауызына сыйғызған» дегенде, аталарымыз тілқұралды меңзеген болды.

5. Дән және Нәт: нано элементтер қашан танылған?

Қара қайрақтың тас – нәті...
Кеңшілік Мырзабеков

Қазіргі жаратылыс ғылымдарының қарыштап дамып кеткені соншалық – цифрлы технологияны үйреніп те үлгіре алмай, күн сайын бір жаңалық ашып жатқан мынау заманда атом жайлы сөз қозғау да ыңғайсыз көрінер, дегенмен осы «заттың» пайда болуы туралы мәліметте: «атом туралы алғашқы ойды б.э.д. 5-ғасырда грек оқымыстысы Демокриттің идея жүзінде айтқаны, ал 19-ғасырда оны физик ғалымдардың шын мәнінде анықтағаны туралы ақпарат бар екен. Әрине, ғылым айтты дегесін бұған да айдай ақиқат деп сеніп келдік. Бірақ ғаламның небір ғажаптары күн сайын өзінің ежелгі құпияларын біртіндеп ашып, таңғалдырумен келе жатқанына да бір сәт неге ден қоймасқа. Генетикалық тіл ғылымы біз енді ғана айтып жүрген нано-элементтердің ең ілкі тілжасам дәуірінде-ақ белгілі болғанын, оның бүгінгі тіліміздегі «н» дыбысы, генетикалық тұрғыдан, «УН» тілдік негізі арқылы бейнеленгенін көрсетіп отыр. Тіліміздегі «нәт» сөзінің құрамындағы «н» (УН) элементі осы «нано» элементті білдірген: бір ғана «нәтті» емес, нәттің де арғы жағында нәт болатынын: дәннің де дәні болатынын. «Негіз» дегеніміз де осы: нақ+ӨЗ. Орыс тіліндегі «начало» сөзінің құрамынан да «нәтті» танып ала аласыз (нәт+тела). Ағылшынның origin сөзінде де УН-нәт тұр.

Барша зат атаулы нәт-негізден, яки дәннен жаралатыны хақ. Ақиқатына бақсақ, қара тастың да дәні бар. «Әлем бір шоқ нұрдан (нәттен) жаратылған» (А.Машанов). Демек, Генетика ғылымының тіл-құралдың дәнін іздеу талабын дұрыс түсінген абзал: Тіл-ғаламның ілкі жаралған дәнін, нәтін, яки негізін тану арқылы ғана оның табиғатын толық түсінуге болады.

6. Тіл дыбысын тани алмай адастық

Тіл дыбыстарынан бастап..... бүгінгі тіл ғылымының барлық дерлік саласы генетикалық тіл ғылымы тұрғысынан мүлде жаңаша қаралуы керек. Әлбетте, тек қазақ тіл ғылымында ғана емес.
(Автор)

Сонымен, беріден, есіктің көзінен бастасақ. Жаңалық атаулы, егер ол шынымен де жаңалық болса, ескілік танымды жоққа шығара келуі де заңдылық. Мұнда да сол сияқты. Ә дегенде жатырқап қалғаныңызбен тоқтала келе, түсінік табарыңызға күмән жоқ. Ең әуелі, біздің мектептен бастап бала жадына құйып, төпелеп оқытып келген тіл дыбыстары туралы түсінігіміз бекер болып шықты. «Тіл дыбысы» деп «ғылыми түрде» ерекше мәртебе бергенімізбен, ол туралы түсінігіміз кісі күлерліктей екен. Біріншіден, қазіргі түсінік бойынша, тіл дыбыстары – кездейсоқ, шартты түрде алына салған механикалық (физика-биологиялық) дыбыстар түрінде түсіндіріледі. Осындай сыпаттағы дыбыстардың «ТІЛ» атты құдыретті құралды жасай алатынына ғасырлар бойы ден қойып, бас шұлғып келіппіз.

Екіншіден, тағы да сол, өзіміз де ұқпастан, әлі ақылы толыспаған мектеп баласына тіл дыбыстарын дараланған дыбыстар деп үйретіппіз, яки тілде б, т, с, қ т.б. дара-дара дауыссыз дыбыстар болады, а, о, ы, т.б. дауысты дыбыстар болады деп келіппіз. Бала дейміз-ау, тіпті кәмелетке толған студенттерге де осы ертегіні әлі айтып, «оқытып» келеміз ғой. Студентіңіз не, ғалымдарымыз да тіл дыбыстарын осылай деп «зерттеп», осылай түсіндіріп жүрген жоқ па... Атақты академиктеріміз де «ау, б+ы, с+ы, т+ы» түрінде айтылып тұрған дыбыстың қасындағы «ы» дауысын неге алып қалып тұрмыз? – деп ойланып та көрмегені де. Кімді кінәлайық, бұл кемшілік бәрімізге де, тек қазаққа ғана емес, орысқа да, неміске де, ағылшын мен арабқа да – ортақ болса.

Демек, «дауыссыз» дыбыс дегеніміз бекер болып шықпады ма? Табиғатынан бүтін жаратылған тіл дыбыстарын жасанды түрде екіге ажыратып, соның жеке-жеке әрқайсын дыбыс деп дәріптеп, олар туралы неше түрлі теорияларды ойдан шығарып келіппіз. Мысалы, дабысы әлемді алып жатқан, «мағына ажыратушылық қызмет атқарады» дейтін фонема теориясы, оны дәріптеуші фонология ілімі осындай жалған дақпырттың тек біреуі ғана.

Үшінші, бұлардан да сорақысы: дыбыстарда мүлде мағына жоқ екен де, ал сол «мағынасыз» дыбыстардан пайда болған (құралған) сөздер мағыналы болып шығады екен. Демек, біз «жоқтан бар пайда болады» – деп оқытады екенбіз. Ұзақ әңгімені көктей шола айтып шыққанның өзінде сан заманнан бері жырлап келе жатқан «дыбыстаным» жырының бет-бейнесі бүгін осылай болып ашылып отыр.

«Дыбыстардан құралған» демекші, шынында да сөз дыбыстардан құрала ма екен өзі? Қазіргі оқулықтар мен ғылыми еңбектерге сенсек, шынымен де осылай дейді. Иә, кезінде академик Қ.Жұбанов «тіл дыбыстары сөз жасайтын кірпіштер емес» деп құдайдың зарын қылып тұрып өз еңбектерінде жазып кетсе де, бұған әлі күнге дейін құлақ аспай келеміз. Сонан келіп «қой» және «қол» сөздерінің бірін «қой» қылып, екіншісін «қол» қылып тұрған «й» және «л» дыбыстары деп балаға үйреткеніміз былай тұрсын осыны белгілі деген ғалымдарымыз өздерінің еңбектерінде жазып тұрып көрсетеді. Қ.Жұбанов осы тәрізді мәселелерге назар аудара отырып, 30-жылдардың өзінде-ақ:

«Дыбыстың әлеуметтік, тілдік қасиеттері тексерусіз қалғасын, дыбыс өзгерістері, дыбыс заңдары әлеуметтік жағдайлармен, жалпы салт-сана жүйесімен салмақталмаған соң, ескі тіл ғылымының фонетика аталған бөлімі тілдің дыбыстау жағын, дыбыстың анатомия, физиологиясын, дыбыстың физика, акустика жағдайын тексеретін бір табиғат ғылымы боп қалды...» – дей келіп: «Әрине, бұл – таңданарлық күй емес, сүйегі бос көңілшектер қамығып, жігері жанған қайраттылардың жыны қозғандай хал. Бұл – тіл ғылымы сондай артта қалған, ол әлі ескі грек мәдениеті кезіндегі дүниетанудан асып мандып кете алмаған деген болады» (Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 1966, - 127-б). – деп ашына жазған еді. Қазірде мұнан бір ғасыр өтсе де сол қалпымыздан мызғымағанымыз бүгінгі тіл ғылымының да мүшкіл жағдайын көрсетсе керек.

Мағынасыз дыбыстар... Бұл туралы көзқарасты қазіргі әлемге мәшһүр болып отырған американдық тілші ғалым Наом Хомский өткен ғасырдың ортасынан бастап біраз өршітіп әкетті. Әуелде оған белгілі ғалымдар онша ілана қоймағанымен, Хомскийдің бағына қарай, машиналы аударма саласына осы мағынасы жоқ «дыбыс-сигналдар» теориясы ауадай қажет бола қалды. Мұны да түсінуге болады: машина жанды, ойлы адам емес қой, оған қандай да бір сигнал болса жетіп жатыр. Мұның игілігі өмірде машиналық аударма болып, қолданылып отыр. Ал бірақ бүкіл тіл ғылымы аударылып-төңкеріліп, сол теорияға құлай жығылғаны түсініксіз жай еді. Шынында, бұл саналы адамзат ұрпағының тілін машина тілімен теңестіру болып шықты. Жоғарыда айтып өткен «инстинкт-тіл» туралы түсінікте де осының салқыны жатқаны айқын.

Иә, адамзат баласының асыл қазынасы қасиетті тіліміздің жаратылысын тану – адамзат ақыл-ойының көкжиегіне, адамшылық тірлігіміздің ілкі бастауларына сана көзімен зер салу – адами рухымыздың қайнар көзін тану. Ал жоғарыда баяндалған жайларды түсінгенде, шынымен де, қанатына қарап қуанған тоты құстың аяғына қарап қорынған халін кешеді екенсің, еріксіз... Құрметті оқырман, қазіргі тіл ғылымындағы дыбыстаным саласының мүшкіл жағдайы осындай.

ТІЛДІК ТАНЫМ ЖҮЙЕСІ

1. Алма және Дән

Сонымен, тіл дыбыстарынан бастап, қазіргі тілтанымның тұла бойынан мін тауып, оны тезге салмақ болып отырған генетикалық тіл ғылымының өзге де уәждеріне құлақ асып көрсек. Бұл бойынша, адамзат тілінің әу бастағы сан ғасырлар бойына қалыптасқан табиғи жаратылысы, құданың құдыретімен, тура Ғаламдық болмыстың өзінен аумай қалған, өйткені адамзат тілі әу бастан «ҒАЛАМ» моделінде жаратылған. Тілдің жұп элементті дыбыстары да, осы дыбыстардың білдіретін логикалық ұғымдары да – түгелдей тура ғалами жүйе мен оның заңдылықтарының үлгісінде пайда болған, – дедік.



Сызбада «Шар-қоршау» (жазықтықта – «шеңбер-қоршау») түріндегі концентрлі құрылымда орналасқан тілдік таным жүйесі (ТТЖ) бейнеленген. Мұнда жеті түрлі жұп элементті дыбыстық тұтастықтар (УН-УТ-УР-УС-УЛ-УҚ-УП) – адамзат тілінің ең ілкі негізгі дыбыстық материалдары орналасқан және бұлар «бос» (мағынасыз) дыбыстар емес, тұтастай тілдік жүйенің ең ілкі идеялық негізін құрайтын базистік сипаттағы логикалық ұғымдарға ие дыбыстар. Сондықтанда бұл дыбыстық-мағыналық тұтастықтарды тілдің материалдық-идеялық негіздері дейміз.

Тілдік негіздердің (жеті түрлі тілдік материалдық-идеялық тұтастықтар) жұмыс жасау принципі осы тілдік таным жүйесіне (ТТЖ) сәйкес құрылған. Бұл жағынан, салыстырмалы түрде, кәдуілгі Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесін елестететі десек, артық емес. Бұл жеті түрлі дыбыстардың әрқайсысы ғаламдық жүйе элементтерінің («ғаламдық шар-қоршау», «ғаламдық өзек», координата жүйесі, т.т.) нақты біреуін бейнелейді және бұл дыбыстардың тілдегі қызметінің заңдылықтары да нақ осы элементтің ғаламдық жүйедегі қызметінің заңдылықтарымен сәйкеседі. Тілдік таным жүйесінің (ТТЖ) сызбасы адамзат тілінің ғана емес, жаратылыстағы барша заттар мен құбылыстардың да ішкі табиғатын тануға негізделіп құрылған. Осыны, шартты түрде болса да, «Алма және Дән» мысалымен түсіндіріп көруге болады.

Егер тілдік таным жүйесіндегі (ТТЖ) УН кіндік-нүктесін алма жемісінің дәні дейтін болсақ, онда УТ негізі осы дәннің өсуі процесіндегі алғашқы қозғалысын – бөліну ұғымын білдіреді, алғашқы бөліну – екіге бөліну; УР негізі қозғалыстың экспрессивті түрі ретінде көрініп, екіге бөлінген дәннің онан әрі тез қозғалу арқылы өсуін, дамуын, ішкі бөліктерінің көбеюін білдіреді; УС негізі дәннің өскінге айналуы процесін бейнелейді, УЛ негізі өскіннің ұласып, жалғасуын – салаларға, сабақтарға (өсімдік сабақтары) айналуын бейнелейді; УҚ негізі алма жемісінің пайда болуын, түйнектеуін бейнелейді; УП негізі алма жемісінің толысып піскенін бейнелейді. Осы процесті, принципінде, өзге де кез келген зат не құбылыс үшін – ментальдық болмыс үшін де, материалдық болмыс үшін де – қолдануға болады. Мысалы, алма орнына адамның физиологиялық не ментальдық жаратылысын, т.б. қоя аламыз. Тілдік таным жүйесі тілдік жүйенің ғаламдық жүйеге сәйкесімді жасалғанын айқын көрсетеді.

2. Логикалық ұғымдар және олардың тілдік таңбалары

Кейбір анықтамалар:

1. Қазіргі тіл ғылымы мен философияда «ұғым» терминінің мәні нақты айқындалмаған. Генетикалық тұрғыдан, ұғым: заттық ұғым және логикалық ұғым болып екіге ажыратылады. Мұндағы логикалық ұғым терминінің мәні қазіргі ғылымда мүлде жоқ жаңа түсінікті білдіреді.

2. Тілдік таңба деп қазіргі ғылымда жеке мағынасы бар сөзді айтады. Генетикалық тұрғыдан жеке сөздер тілдік таңбалар бола алмайды. Себебі әр сөз бір таңба болса, онда бір тілдің өзінде ғана сан мыңдаған таңбалар бар болар еді. Қазақ жиырма мың жылқысына тек бір ғана таңба басқан. Рулы елдің таңбасы да тек біреу ғана. Таңба – киелі, сакральды ұғым, жинақтаушы, біріктіруші ұғым.

ТТЖ-де көрінетін ғаламдық жүйе элементтерін жекелей алсақ, оларды бейнелі түрде мына төмендегі сызбадан көрер едік. Мұнда ғаламдық жүйенің әрбір элементі белгілі бір геометриялық фигура түріндегі таңба болып бейнеленген. Олардың әрқайсына нақты бір тілдік-дыбыстық материал (жұп элементті дыбыстық тұтастық) және оның білдіретін логикалық ұғымы сәйкес келіп тұр.

таңбалары	◯	┼	∠	|	таңба бейнесі жоқ	⊙
дыбыстық материалы	УП	УҚ	УЛ	УС	УТ / УР	УН
логикалық ұғымдар	«ғаламдық шар-қоршау»	«ғаламдық координата»	«ғаламдық байланыстар»	«ғаламдық өзек»	«ғаламдық қозғалыстар»	«ғаламдық кіндік»
таңба атаулары	«ғаламдық шар-қоршау»	«ғаламдық координата»	«ғаламдық байланыстар»	«ғаламдық өзек».	---------	«ғаламдық «кіндік» (нәт/негіз)

Жалпы адамзатқа ортақ ғаламтанымдық түсінік нәтижесінде «Ғалам» заттық ұғымы адамзат санасының сөзжасамдық қызметінің нәтижесінде «шар-қоршау» бейнесіндегі логикалық ұғымға айналған. Абстракциялық сипаттағы осы логикалық ұғымды тілдік қолданыста «Ғалам» заттық ұғымының орнына қолдана аламыз. Мұның дыбыстық материалы – УП дыбыстық тұтастығы. Сызбада берілген өзге логикалық ұғымдар туралы да осындай үлгіні қолдануға болады. Демек, сөз пайда болуының идеялық негізінде тұратын логикалық ұғымдар ғаламдық жүйе элементтерінің моделінде жаралған екен. Бұл логикалық ұғымдардың тілдік қолданыста жұмыс жасау заңдылықтары да нақты осы ғаламдық жүйе элементінің қызмет ету заңдылықтарымен сәйкеседі. Мысалы, грамматикада ӨЗ есімдігін өздік есімдігі деп атайды және ол тек бір ғана сөз екені айтылады. Бірақ оның неге тек бір ғана сөз болатынын қазіргі тіл ғылымы түсіндіре алмайды. Генетикалық тұрғыдан келсек, ғаламдық өзек – «У-игрек өзегі» – біреу ғана, әр заттың да тек бір ғана өзегі болады. Екі өзек болса, ол – екі зат: егіз < екі+ӨЗ (екі зат). Орыс тілінде ось, ағылшын тілінде axis түрінде келетін бұл сөздің пайда болу негізінде тұрған логикалық ұғым – «ғаламдық өзек» ұғымы, ол вертикаль «игрек» өзегінің бейнесі арқылы таңбаланып, тіл-тілде сан мыңдаған сөздер жасай алады.

3. Қазіргі тіліміз – жұп элементті дыбыстар тілі

Енді тілдің материалдық жағына аз-кем тоқталайық. Тіл дыбыстарының табиғатын генетикалық тұрғыдан сәл таратып айтсақ, көрсетілген жеті түрлі дыбыстық тұтастықтар дауыс және салдыр элементтерінің туабітті тұтастығынан тұратын біртұтас жаратылыстар екен. Оларды бірінен бірін ажырата қарауға мүлде болмайды: дауыс элементінсіз салдыр элементінің айтылуы да мүмкін емес. Бұл жұп элементті дыбыстардың әрқайсысы тілдік қолданыста өздерінің тарихи даму барысында фонетикалық заңдылықтар жолымен бірте-бірте пайда болған генетикалық туыстарына айналады. Сызбада бір ғана УП жұп элементті дыбысының нұсқалары көрсетіліп отыр.

УП- жұп элементті дыбысының тілдік қолданыстағы VC (вокал-консонант) типіндегі фонетикалық инварианттары
(қазақ тілі дыбыстарының жүйесінде)

	п	ф	б	в	м	у	й
а а	ап	аф	аб	ав	ам	ау	ай
ә	әп	әф	әб	әв	әм	әу	әй
е	еп	еф	еб	ев	ем	еу	оу
о	оп	оф	об	ов	ом	оу	ой
ө	өп	өф	өб	өв	өм	өу	өй
ұ	ұп	ұф	ұб	ұв	ұм	ұу	ұй
ү	үп	үф	үб	үв	үм	үу	үй
ы	ып	ыф	ыб	ыв	ым	ыу	ый
і	іп	іф	іб	ів	ім	іу	ій
у	уп	уф	уб	ув	ум	уу	уй
и	ип	иф	иб	ив	им	иу	ий

Ескерту: 1) сызбада дыбыстардың көріну принципін ғана бердік. Өйткені қазірде тіл дыбыстарының нақты саны туралы түрлі даулы көзқарастар жетерлік. Сондықтан әлдекім, «бізде мына дыбыс жоқ» деп дау шығармас үшін осылай жасалды. 2) бұлардағы барлық жеті түрлі негізде де «дауыс» элементтері (кеденсіз сыңарлар) – генетикалық тұрғыдан бәрі бір негізден шығатын туыстар. Сондықтан олардың бәрі де, тілде қандай фонетикалық нұсқада қолданылып тұрса да, генетикалық тұрғыдан бірдей. Олар тек С-элементтің көмекшісі ретінде ғана қарастырылады.

Сонымен, айтылғандардан ұғатынымыз: біздің бүгінгі тіліміз де, қазіргі ғылымда айтылып жүргендей, дараланған тіл дыбыстарының емес, жұп элементті дыбыстар тілі екен. Мысалы, БІР сөзінде қазіргі ғылым үш дыбыс (б-і-р) бар десе, генетикалық тіл ғылымы тек екі ғана дыбыс бар (бі + ір) – дейді. Мұның алғашқысы (бі) «УП» дыбысының, екіншісі (ір) «УР» дыбысының қолданыстағы нұсқалары. Орыс тіліндегі МИР «ғалам» сөзі де осындай: ми – «УП» дыбысының қолданыстағы нұсқасы, ир – «УР» дыбысының нұсқасы. Кейінгі дыбыстық нұсқалардың бәрі де негізгі нұсқаның мағыналық өрістерінде қызмет етеді, яғни УП негізіне тән мағыналық ұғымдар оның барлық туынды нұсқаларына да ортақ.

Шанжархан БЕКМАҒАМБЕТОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

(Жалғасы бар)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Сәдуақас Баймаханов кім болған?



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өкімімен 2020 жылы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» мәселелері бойынша мемлекеттік комиссия құрылып, жұмыстар жүргізіліп жатыр. Комиссия солақай саясаттан озбырлық көрген қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруі тиіс. Толық ақталмай, саяси баға берілмеген тұлғалардың бірі, қоғам және мемлекет қайраткері – Сәдуақас Баймаханов.

Сәдуақас Баймаханов жайлы бірді-екілі шағын мақалалар жазылғанымен, толық зерттеу болған емес. Сәдуақас Баймаханов туралы қайта жазуыма Тараздағы журналист-жазушы, бүгінде облыстық архивтың директоры Көсемәлі Сәттібайұлының хаты себепкер болды.

Көсемәлінің зерттеуінде Сәдуақас Баймахановтың «Халық жауы» аталуы, тергеу материалдары, тергеушіге берген Сәдуақас Баймахановтың жауабы қатталған екен. Сондай-ақ, оны кімдер ұстады, отбасының сол тұстағы жағдайы, тағы басқа деректерді қамтып жазған. Оның ішінде біз білмейтін жағдайаттар газет мақаласында орын алған. Біраз жылдардан бері, Сәдуақас Баймахановты зерделегенмен, менің қолыма қылмыстық іс-қағазы түсе қойған жоқ еді. Мына мақала менің ол жайлы кеңінен жазуыма жол сілтеді. Көсемәлі ініме көптен-көп рақмет.

«Халық жауы» атанып, жазықсыздан-жазықсыз атылып кеткен, Темірбек (Темірше) Қараұлы Жүргенов пен алғашқы философтардың бірі Ілияс Жүсіпұлы Қабыловтарды зерттеп, кітап шығардым. Сондықтан бұл тақырып маған жақсы таныс.

С.Баймаханов жайлы 2008 жылы шыққан «Жалағаш жері – жыр кені» атты кітаптың мұқабасына жеті адамның бірі ретінде Сәдуақастың суреті және ол туралы мақаламды енгізген болатынмын, кейіннен баспасөзде жарияладым. Алайда, мақалаға үн қосып, бұл біздің әкеміз, атамыз деген жан болмады. Менің С.Баймаханов хақында зерттеуімді жалғастыруымның себебі оның өмірбаянында туған жерім Аламесек болысының №5 ауылы, 1903 жылы туғанмын деуі еді. Аламесек жері мен туған ауылға жақын. Кезінде үлкен базар болған. 20 балалық интернаты бар мектеп болған жер. 1925-1930 жылдары Аламесек атты аудан болған. Оған қазіргі Жалағаш, бұрынғы Тереңөзек аудандарының біраз ауылдары қараған болатын.

Сонымен, шежірелерімді қайта қарап отырсам 1990-1991 жылдары ұстазым Қытайы Бегімованың маған берген шежіресі арасынан Баймахан, Сәдуақас есімдері шыға келді. Содан шұқшия қарап, Аламесек, Қаракөл-Қуаңдария, Қостам болыстарында тұрған руларды анықтап, солардың бүгінгі ұрпақтарын саралап қарағанымда, өз басым жетік білетін Жәрімбет руының шежіресінен таптым. Сөйтсем, араласып жүрген, Қытайы Бегімова, Мұздан Шотықов олардың бүгінгі ұрпақтары Ғалия Бетайқызы, Жағыпар Нұржановтардан қайта сұрағанымда, олар Сәдуақас Баймаханов біздің атамыз дегені. Бұл кісілер 2008 жылдан бері менің зерттеу мақалаларымды оқымаған болып шықты. Олардың көмегімен Омар Самаевтың немере-шөберелерін тауып, сөйлесіп, аздаған деректер алдым.

Қоғам және мемлекет қайраткері Сәдуақас Баймаханов тергеуші руын сұрағанда «Жүргеновпен бір руданбыз – Шөмекейміз» деп жауап берген екен. Сәдуақас Баймаханов өз жауабында Т.Жүргеновпен жақын туыс екенін жасырған. Оқырмандарға түсінікті болуы үшін, Т.Жүргеновтің, Сәдуақас Баймахановтың ататек шежіресін қатар беруді жөн көрдім. Жәрімбет бидің Әлен атты баласынан: Қуаң, Байсал, тағы бірнеше бала тарайды, Қуаңнан Жүрген, Тұрған. Жүргеннен – Қара (Сырлыбай), одан Темірбек Жүргенов. Байсалдан – Дастанбай – одан Баймахан – одан Сәдуақас, одан Алмас тарайды. Қарап отырсақ, Т.Жүргенов пен С.Баймахановтың туыстық арасы 4-5 ата.

Сәдуақас Баймахановтың тергеушінің сұрағына: «Қызылқұм мен Қарақұмдағы шаруалар көтерілісіне туыстарым қатысқан емес, бауырым қой бағып, әкем ағаш тасып, балық аулаумен күн көрген» деп жазады. Тікелей өзінің туғандары қатыспағанымен, Т.Жүргеновтің 2 туған ағасы «Қарақұм көтерілісіне», алыстау ағайындары Қызылқұмдағы (Қарақтағы Т.Д.)Ақмырза ишан көтерілісіне белсене қатысқан мергендер. Көзі қарақты азамат бола тұра, бұл жайында Сәдуақас Баймахановтың білмеуі мүмкін емес. Өзін олардан алыстатып жауап бергені аңғарылады.

1928-1930 жылдары тұтқынға алынып, жер аударылған адамдардың ісінде оларды «Аламесек» болысының №3, 5 ауылдарында тұрды деп жазады. Бұрынғы Перовский уезінің құрамында болған «Қаракөл-Қуаңдария», Қостам болыстарының тұрғындары 1920-1924 жылдарда Аламесек болыстығына біріктірілген. Жоғарыдағы 2 болыстың адамдарының бүгінгі ұрпақтары Аққыр, Жаңаталап, Т.Жүргенов (Мақпалкөл), Мәдениет ауылдарында тұрады. 1903 жылы ашылған Аламесектегі мектеп училищесінде әр жылдарда Т.Жүргенов пен Сәдуақас Баймахановтар оқыған. Оларға белгілі ұстаз Досмұхамбет Букин, «учитель Омар» атанған Самаевтар сабақ берген.

С.Баймаханов өзінің өмірбаянында Аламесек болысының №5 ауылында туғанмын деп жазған. Алайда, анық әкесі мен ағалары Қостам болысында туғаны, №16 ауылында Баймахан мен үлкен ағасы Сыдықтың колхозшы болғаны айтылады. Дұрысы осы болар. Мен де осы №16 ауылға қарасты Жаңаталап колхозында 1943 жылы туғанмын. Осы аймақтың кәрі-жасын, көзі қарақты адамдарын жақсы білемін.

1920 жылдың 20-24 наурыз айында РКП (б) Өлкелік комитетінің шешімімен Перовскі уезінде Революциялық Комитеттің, болыстық комитеттерінің төрағалары, мүшелері тағайындалған. Уезге 24 болыстық қараған. 1924 жылғы архив дерегінде Қаракөл-Қуаңдария болысында – 845, Қостам болысында 2004 адам тіркелген екен. Осы 2 болысқа қараған тұрғындардың басым көпшілігі Шөмекей руының, Сарыбай, Сарғасқа руларының адамдары болды.

С.Баймахановтың жауапта айтқанындай, Дастанбай ұрпақтары сінірі шыққан кедей емес, орташа тұрмысы болған кісілер. Өте кедей адамдардың балалары қалайша Аламесек, Ақмешіт, тіпті Ташкент асып, халық ағарту училищесінде оқиды? С.Баймахановтың тергеушілерге берген жауабының біразында шындықтан алшақтау жауап бергенін байқаймыз. Өйткені, Сәдуақастың атасы Самаев Иман Қаракөл-Қуаңдария болысындағы №7 ауыл ауылнайы (1897-1901), оның інісі «учитель Омар» атанған Самаев.

1897-1902 жылдарда Қаракөл-Қуаңдария болысын Мырзабек Сәтбаев, 1902 жылдарда Құланбай Қалданов, Телжан Аймұратов, Ержан Сәтбаев, Боранбай Алшанов, т.б. басқарған. Ал Қостам болысын Үмбет, Сәмбет Тілегеновтер басқарса, 1920-1924 жылдарда Қаракөл-Қуаңдария болысын – Самрат Қалданов, Қостам болысын Жүсіп Үргенішбаев, кейіннен Жолшара Талдыбаев, Төремұрат Қанасыловтар кеңестік болыстар. Ал, мен осы екі болыстыққа орынбасар, хатшы болған Мырзатай Досымов, Ес Жалдығараевтарды көрген едім.

Сәдуақас Баймаханов 1914 жылы Аламесекте, кейіннен Ақмешітте (уездік басқарма Т.Д.) көшіруші қызметін атқарады. 1919-1920 жылдары Ташкенттегі қазақ ағарту училищесінде (Казинпрос) оқып, білім алады. 1919 жылдың 1 шілдесінде Қазақ балаларын оқытатын училищенің бөлімшесі, қазан айында училище қазақ ағарту институт (Казинпрос) болып, қайта аталады. Мұнда қазақ зиялылары – Иса Тоқтыбаев, Қоңыркожа Қожықов тағы басқалар сабақ берген. Екінші негізгі класты ол Ташкент қаласында 17 жасында оқыған. Осында оқып жүріп Ташкентте шығатын қазақ басылымдарына әртүрлі тақырыпта мақалалар жазады. Әсіресе, жастар жайлы, уездердегі оқу-ағарту жұмыстары, ондағы тәрбие туралы «Ақжол», «Жас қайрат» газеттерінде бірнеше мақалалары жарияланған. 1924 жылы Рахат Төлешұлымен бірге С.Баймаханов Ақмешіттегі оқу жайын жаза келіп, оқуға тартылуға тиісті 63 баланың мектепте оқымай жүргенін сынаған.

С.Баймаханов 1921-1924 жылдары Қырғыз (қазақ) бюросының мүшелігіне сайланып, әрі бөлімді басқарған. «Жас қайрат» газетінің (кейін журнал болған Т.Д.) редакторы болып, көптеген жастардың көзін ашып оқу-ағартуға айрықша мән береді. Ташкент орталық жастар одағында, халық-ағарту комиссариатында бөлім меңгерушісі, 1924-1926 жылдары Сырдария ауылшаруашылық техникумының (Ташкент қаласындағы) директоры, 1926-1927 жылдар аралығында Қызылорда уездік-қалалық партия комитетінде үгіт-насихат, ұйымдастыру бөлімдерінде меңгерушілік қызметін атқарған, білікті ұйымдастырушы да болды.

Оны 1927 жылдың маусым айында Таштөбе уездік комитетінде (Сарыағашта), 1928 жылы Адзат округтік партия комитетінің насихат-үгіт (форт Александровскийде), 1928 жылдың желтоқсан айында Петропавловскіде губерниялық комитетте бөлім меңгерушісінің орынбасары, «Кеңес ауылы» газетінің редакторы, 1932-1933 жылдары Орта Азия мақта ғылыми-зерттеу институтында сектор меңгерушісі, 1933-1937 жылдар аралығында Қазақстан халық-ағарту комиссарының орынбасары, 1937 жылы мамыр мен қараша айында Мирзоян қаласындағы (Тараз қаласы) Мирзоян аудандық партия комитетінің хатшысы болып, өсіп, кемелденіп, толысқан шағында «Халық жауы» деп айып тағылып, сол 1937 жылдың 9 қазаны күні тұтқынға алынады. Ал 1938 жылдың 27 ақпанында атылған. 1958 жылдың қазан айында ақталып, партиялық стажы қалпына келтірілген.

С.Баймаханов – өзінің 35 жылдық өмірінде қазақ жастарының оқып, білім алуына айтарлықтай үлес қосқан қайраткер. Оның 1924 жылғы «Ақжол» газетінің № 2, 3, 4 сандарында «Жастар қосымша білім тілейді, оны кім ескеру керек?» деген мақаласында оқу-ағарту жұмысындағы кемшіліктерді атай отырып, одан шығар жолды көрсетеді. Ол 1920 жылдан бастап Ташкентте шығып тұрған газет, журналдарға мақалалар жазып отырған. Ал 1933-1937 жылдар аралығында «Социалды Қазақстан», «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас», тағы басқа да басылымдарда мақалалары жарияланған.

Ал енді С.Баймахановтың туыстарына келсек, әкесі Баймахан 1927 жылы қайтыс болған. Ол Тоқсанбай ахун қорымына жерленген болу керек. Ағасы Сыдық 1900 жылы туған, 1939 жылы майданға алынып, 1942 жылы хабарсыз кеткен. Інісі Өмірзақ 1912 жылы туған. Жаңаталапта колхозшы, кейіннен Алматы қаласында көлік жүргізуші болып жұмыс істеген. 1942 жылы Қармақшы аудандық әскери комиссариатынан майданға алынады. Бұл да 1943 жылдан хабарсыз кеткен.

Сәдуақас Баймаханов ұсталып, қамалғанда отбасында 5 адам болған. Архивтегі жазбада 5 адамның бірі – әйелі (мұғалім), ұлы мектеп оқушысы, інісі шопыр, немере інісі (РабФак, КазГу-де студент), немере қарындасы оқушы екені жазылған. Сол ұйысқан отбасының бар-жоғы бүгінде белгісіздеу. Дегенмен, інісі мен ағасының 1941-1945 жылдардағы соғыста хабарсыз кеткенін, РабФакта оқыған немере інісінің Омардың баласы Әшірбек (Әшімбек), болмаса Құлмахан баласы Маханбетжан болар деп топшылаймын. Маханбетжан ұрпақтары Ташкент төңірегінде тұрса, Омар ұрпақтары Тараз, Қызылорда қалаларында тұрып жатыр.

Сәдуақас Баймахановтың 1928 жылы туған баласы Алмас 1979-1980 жылдарда Алматыда қайтыс болса керек. Артында бір қызы қалған деседі.

Ендігі міндет қоғам және мемлекет қайраткері болған, жазықсыз жазаланған Сәдуақас Баймахановтың өмір жолын халқына жеткізіп қана қоймай, оның есімін ұлықтау, ол туралы түрлі игілікті, ізгілікті шараларды туған жері мен қызмет атқарған қалаларында аталып өткізілсе нұр үстіне нұр болмақ. Ол – құрметтеуге лайық тұлға.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, жазушы,
«Құрмет» орденінің иегері

Оразбай ӘБІШЕВ

Сыр елінің құрметті теміржолшысы, «Социалистік Еңбек Ері» Оразбай Әбішев дүниеден озды.

Әбішев Оразбай 1930 жылы 10 маусымда Қызылорда облысы Сырдария ауданында дүниеге келген.

Саналы ғұмырын ел экономикасының күретамыры саналатын шойын жол саласына арнаған Оразбай аға 1949-1951 жылдары Қызылорда теміржол училищесінде оқып, еңбек жолын 1951 жылы паровоз жөндеу депосында слесарь қызметінен бастаған.

Өткен ғасырдың 50-ші жылдарының ортасында Қызылорда локомотив депосы теміржол жүйесіндегілердің алғашқысы болып тепловозға көшіп, табан аудармай 35 жылға жуық жұмыс атқарды.

Өз ісінің нағыз шебері, теміржол саласының майталманы Оразбай Әбішев 1981 жылы «Социалистік Еңбек Ері» атағы, 2 мәрте Ленин ордені, «Октябрь Революциясының ордені», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі, салалық награда «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталып, «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағын алған.

Жайдары мінезді, дархан пейілді, ортасына сыйлы болған ардагердің асыл бейнесі халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Оразбай ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Қызылорда облысының әкімдігі,
облыстық мәслихат,
«Nur Otan» партиясының облыстық филиалы,
облыстық Қоғамдық кеңесі,
облыстық Ардагерлер кеңесі

Цифрлық телевизияның мүмкіндіктері

Бүгінгі күні цифрлық эфирлік телевизия ел тұрғындарының 86,28%-не қолжетімді. Жобаны іске асыру жоспарына сай, 2022 жылға қарай халықты жалпы қамту көлемі 95%-тен асады. Бұл – жақын арада Қазақстанның барлық тұрғындарына өздерінің көгілдір экрандарынан сапалы бейнені көру үшін бірдей жағдай жасалады деген сөз.

Елімізде цифрлық жерүсті телехабар таратуды енгізу жөніндегі жобаны іске асыру 2012 жылғы шілдеде басталды. Қазіргі уақытта пайдалануға берілген РТС жалпы саны – 491 бірлік, ол 13 миллионнан астам тұрғынды қамтиды. Ұзақ өтпелі кезең тапсырманың күрделілігімен түсіндіріледі. Елдің «аналогтан» «цифрға» көшуі – қазіргі Қазақстанның ең ауқымды және бірегей жобаларының бірі.

Аналогты телехабар таратуды 100%-ке көшіру үшін бүкіл ел бойынша 827 радиотелевизиялық станция салу және жаңғырту қажет. Бірақ мұндай жұмыс көлемі мақсатты ақтайды: цифрлық телевизия жоғары сапалы кескін мен дыбыс алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар арналар мен бағдарламалардың үлкен таңдауын ұсынады. Ескі үлгідегі сигнал сыртқы әсерлерге өте осал келеді, мысалы, ол ауа-райының қолайсыздығына байланысты (мысалы, қатты жел тұрғанда) жоғалып кетуі мүмкін. Цифрлық телехабар тарату сигналдың сапасы мен қорғанысының жоғары деңгейіне ие, ол ұзақ қашықтықтан қабылданады. Қазір аналогты хабар тарату бір таратқыш бір арна ұстанымы бойынша жұмыс істейді. Цифрлық бір таратқыштан көптеген арналарды таратуға мүмкіндік бар. Қарапайым тілмен айтқанда, арналар «қысылады» және 1 жиілікте «мультиплекс» арқылы беріледі. Көрермендер үшін артықшылықтар айқын, сигнал сапасы, арналарды таңдау бұрынғыға қарағанда үлкен, ал тегін топтамаға кемінде 30 телеарна кіреді. Және де мұның бәрі ешқандай абоненттік төлемсіз.

Эфирлік телевизиядағы алғашқы жаңалықты Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Алматы, Қостанай және Павлодар облыстарының тұрғындары сезінді. Отандастарымыз негізгі мультиплекс бойынша «QAZAQSTAN», «Хабар», «Хабар24», «BALAPAN», «ЕЛ АРНА», «QAZSPORT», «Kazakh TV», «Первый канал Евразия» сияқты Қазақстанның ірі телеарналары мен өңірлік бір телеарна кіретін сапалы телевизияны пайдалана алады.

Цифрлық хабар таратудың енгізілуімен отандық телеарналар да даму үшін жаңа серпін алады. Аналогты телевизияның мүмкіндіктері таусылды, ал жаңа телеарналар «аналогта» орын болмауына байланысты эфирге шыға алмайды. «Цифр» барлығының жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мемлекет алдында шағын өңірлік телеарналарды қолдау міндеті тұр, сондықтан жыл сайын облыстық телеарналар бірінші, негізгі мультиплекске кіру конкурсына қатысып жүр. Алайда, цифрлық желі бойынша тарату тарифіне сай кез келген қазақстандық арна цифрлық толқындағы қолжетімді арналар тізіміне кіре алады. Есесіне телекомпания тек мінсіз сапада үздіксіз хабар таратуды ғана емес, сонымен қатар EPG түймесін басу арқылы кідірту және телешоулардың хабарландыруын көрсету сияқты телевизиялық хабар тарату жүйесіне қосымша функцияларды енгізу мүмкіндігін алады. Цифрлық жерүсті телехабар таратуды дамыту және абоненттерге сапалы сурет пен дыбыс беру, тұтастай алғанда, бүкіл ел үшін де тиімді екені айқын. Бүгінгі «цифрға» көшу – жалпы әлемдік тренд. Мысалы, Германия, Ұлыбритания, Испания, Швеция сигналды қайта форматтауды 20 жыл бұрын бастаған. Мұндағы басты басымдық – адамның өмір сүру сапасын, оның ішінде сапалы телевизия көмегімен жақсарту.

Р.АРЫСТАНБАЙ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «ЖТ Ақтөбе бөлімшесі» филиалының Қызылорда қосалқы бөлімі және «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің» кәсіби одағы қоғамдық бірлестігі Қызылорда филиалы мен ардагерлер кеңесі басшылықтары ҚТЖ консультативтік кеңесінің мүшесі, КСРО Социалистік Еңбек Ері, «Құрметті теміржолшы», Қызылорда қаласының құрметті азаматы

Абишев Оразбайдың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

БІЗДІҢ АУЫЛ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

АУЫЛ АЗАМАТЫМЕН АЖАРЛЫ

Айталық, заманауи техниканы тізгіндеген жас механизаторлардың еңбекақысына 20 процент үстеме есептеледі, сондай-ақ, шаңырақ көтеретін жастарға шаруашылық есебінен 1 млн теңге көлемінде сыйақы тағайындалған. Бұдан бөлек, әрбір жұмысшының еңбек нәтижесіне қарай сыйақы төлеу дәстүрі қалыптасқан. Мысалы, өткен жылы күріштің әр гектарынан орта есеппен 68 центнерден өнім алынған. Егістің қорытындысымен еңбек озаттарына 210 млн теңге сыйақы, 7 жеңіл көлік сыйға берілген. Ал ауыл ішіндегі әлеуметтік ахуалды тұрақтандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар тіпті ғажап.

Иә, бұл серіктестік ең алғаш 2003 жылы құрылып, жұмысын бастаған еді. Ол кездегі жағдай мүлде басқаша, техника жоқтың қасы, бар болса да әбден ескірген, егілген күріштің гектарынан 30-35 центнерден ғана өнім алынатын. Жұмыстың табысынан шығыны басым болды. Әсіресе, ауыл тұрғындары нарық талабын бірден қабылдай алмады. Сондықтан шаруашылықта еңбек етуге жастар келе бермейтін. Осындай сындарлы кезеңде шаруашылықтың ісі ілгері басуына мемлекеттің қолдауы оң ықпал етті. Атап айтсақ, «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамымен келісімшартқа отырып, лизинг арқылы ауыл шаруашылығына жаңа техникалар алуға мүмкіндік жасады. «Таң ЛТД» ЖШС осы жеңілдікті тиімді пайдаланып, жыл сайын техникаларын жаңартуға басымдық берді. Осыдан кейін ғана еңбек өнімділігі еселене түсті. Серіктестіктің әлеуетіне сенім артқан жұмысшылар тұрақты еңбек етіп, жаңа техникалардың тізгінін қолға алды. Қазіргі таңда аталған серіктестік Мырзабай ахун, Ақжар ауылдарынан шаруашылықтар құрып, экономикалық әлеуетін көтерісіп, тұрғындардың әлеуметтік ахуалын жақсартуға қаржы салып отыр.

«Таң ЛТД» серіктестігі ауыл келбетін жақсартуға тұрақты атсалысады. Айталық, 2017 жылдың аяғында Таң ауылында 140 балаға арналған екі қабатты балабақша ғимаратын пайдалануға берді. Қазіргі таңда 90 бала тәрбиеленуде, 24 адам жұмыс істейді. Балабақша материалдық-техникалық базамен толық қамтамасыз етілген, бу қазандығы арқылы жылытылады. Мемлекетпен әріптестік аясында 2019 жылы ауыл орталығынан Жалағаш аудандық №13 Олимпиадалық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің филиалы ашылды. Бұдан бөлек, футбол алаңы бар. Спорт саласы бойынша үйірмелерге 200-ге жуық жөсөспірім тартылған.

Ауыл ішіндегі 7 көшеге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, кіреберістен бастап жасыл белдеу жасап, көркейту-көгалдандыруға көмек берді. Серіктестік төрағасы, облыстық мәслихат депутаты И.Шағыртаевтың айтуынша, бұған дейін облыс әкімдігімен «Таң ЛТД» ЖШС арасында меморандум жасалған еді. Оның шарты бойынша егер шаруашылық мелекетпен әріптестік аясында ауылдың әлеуметтік саласына 30 процент қаржы салса, 70 процентіне қолдау көрсетіледі. Міне, осыған орай алдағы уақытта ауылдың 14 көшесін жөндеуге қаржы бөлінетін болып отыр. Сондай-ақ жүзеге асырылып жатқан «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша жаңа бастамаларға үлес қосу мақсаты да тұр.

Ауылға кіреберіс 17 гектар жерге күріш егілген екен. Ондағы мақсат – сор басқан жердің тұзын шайып, қалыпқа келтіру. Білуімізше, келешекте бұл жерге ауыл тұрғындары бақша егіп, өз-өзін қамтамасыз ететін болады. Ал бақшалық жерді дайындауға, су келтіруге шаруашылық есебінен көмек беріледі.

Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірбай Жалғасбаевпен әңгімелесіп, ауылдың әлеуметтік ахуалы туралы сыр тартқан едік:

– 1967 жылдан «Таң» шаруашылығы (совхоз) болып қайта құрылды. Одан кейін «Таң» өндірістік кооперативі, «Таң ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып өзгертілді. Мұндағы шаруашылықтар егін жұмыстарынан бөлек, «Сыбаға», Алтын асық», «Құлан» мемлекеттік бағдарламаларымен тиімді жұмыс атқарып отыр. Қазіргі күні ауылдың тұрмыс-тіршілігі жақсарған. Өйткені әр отбасынан шаруашылықта еңбек ететін жұмысшыларға нақты қолдау бар. Жұмыссыз жастар жоқтың қасы. Ауыл ішіндегі абаттандыру жұмыстары өз алдына. Қырман берекелі, халықтың көңілі тоқ. Осының барлығы – туған жер алдындағы жауапкершілігін терең сезінетін Имамзада Шағыртаев сынды азаматтардың еңбегі. Оны тұрғындар жақсы біледі. Сондықтан ауылдың болашағы үшін жұмылып жұмыс атқаруға ынталы, – дейді ардагер.

Ауыл әкімі Қайрат Сейдахметовтың айтуынша, Таң ауылдық округінде 236 отбасы бар. Халық саны – 1258. Ауылдық округ бойынша 4 ЖШС, 16 шаруа қожалығы, 80 жеке кәсіпкер тіркелген.

Республикалық бюджеттен «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында ауылдық мәдениет үйіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілсе, «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында Елтай молда көшесі реттелген. Елді мекендердегі көшелер жарықтандырылып, көркейту-көгалдандыру шаралары тұрақты қолға алынған.

Жалпы ауылда экономикалық белсенді халық саны 685 адам, өткен жылы аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы 18 адам қоғамдық жұмысқа, 6 адам жастар практикасына, 1 адам әлеуметтік жұмыс орнына, 10 адам тұрақты жұмысқа орналасқан.

Облыстық ішкі саясат басқармасы ұйымдастырған баспасөз турының мақсаты – Тәуелсіздік жылдарында тіршіліктің жаңаша талабына бейімделіп, несібесін жерден терген ауыл еңбеккерлерінің жайын көзбен көру болатын. Шындығында, болашаққа сенімі мол, берекелі істің иінін тауып, бірлігі мен ынтымағы арта түскен ауыл халқын көріп, ризалық сезімде оралдық.

1-бет

МЕРЕЙ

ТЕКТІНІҢ ҰРПАҒЫ

«Тағдырдан қашсаң да құтыла алмайсың» деген рас-ау. Табиғатынан кішіпейіл, адамгершілігі мол, сабырлы, қай тірлікке де тындырымды, тиянақты Батырбек ағамыздың бұл өмірден көргені аз емес екен. Жастайынан жүрек қалауы мал дәрігерлік-зоотехникалық институтқа қайта-қайта барып, ақыры оқуға түсіп, бір-екі жыл оқығаннан кейін қатты сырқаттанып қалды.

Содан үш жылдан астам уақыт аурумен арпалысып, ақыры жеңіп шықты. Сөйтіп, Алматыдағы мал дәрігерлік институтты тәмамдап, ауылға оралды. Әкесінен дарыған асыл қасиеттер төзімділік, салмақтылық, терең ойшылдық Батекеңді алға ұмтылдырды. Туған ауылы Ақсуда зоотехник, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметтерінде болды. Тиянақты да тындырымды істерімен танылған Батырбекке зор сенім артылып, ол «Аққыр» және «Еңбек» шаруашылықтарында директор болып қызмет атқарды. Адалдық пен турашылдық, адамдармен тіл табыса білу, жұмысшыларға барынша қолайлы жағдай жасау секілді қағидаларды үнемі назарда ұстаған басшы сонау 1986-1992 жылдары «Аққыр» шаруашылығын аяғынан тік тұрғызды. Нарық талабына ілесе алмай қырықшақты қожалыққа бөлінген шаруашылықты топтастырып, тірлігін жандандырды. Кездескен кедергілерге қарсы тұра білді. Әсіресе су тапшылығы мен қуаңшылық сан мәрте кездесті. Сол бір кездері Ресей тарапынан «Қызылқұмда» скважиналар қазылып, жерасты суларының бәрі космодромға тартылған болатын. Малдың сусыз қалатын күндері болды. Осы мәселемен жоғарғы жаққа дейін шығып, ақыры мәселе өз шешімін тапты. Аудан орталығынан шалғай орналасқан мал шаруашылығымен айналысатын халық білікті басшының қамқорлығы арқасында қиындық құрсауынан құтылып, жаңаша өмір сүре бастады.

Мұнан соң Еңбек ауылында шаруашылық директоры болып қызмет атқарды. Халықпен тіл табысып, мүмкіндігінше жағдай жасап, жұмыстардың ілгері басуына ұйытқы болды. Бұл шаруашылықтың да алдыңғы қатардан көрінуіне айрықша күш салды, абыройсыз болған жоқ.

Тектінің ұрпағы Батырбек Мәншәріпов Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында да жемісті еңбек етті. Аудан экономикасы мен әлеуметтік дамуына өзіндік үлес қоса білді. Қай қызметте жүрсе де халықтың ыстық ықыласына, сүйіспеншілігіне бөленді.

Көршілес Сырдария ауданында да түрлі қызметтер атқарып, көпшілік көңілінен шықты. Алдымен аудандық аумақтық басқармада, одан кейін аудан әкімінің орынбасары болды. Кейінгі жылдары Сырдария аудандық мәслихат хатшысы қызметін атқарды. Әкесі айтқан ақыл-кеңестер, берген тәлім-тәрбие оған үлкен қолдау болды. Қай жерде жүрсе де халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілегін уақытында орындауға тырысты. Істің көзін тауып, елге жақсылық жасауды басты міндетім деп түсінді. Жаны ауырса да ешкімге білдірген жоқ. Жүрегі сыр берсе де, ауырдым деп аурухана жағаламады. Қызметінен қалмай, елмен бірге болды.

Халықтың қалаулысы ретінде тұрғындардың аманатына жауапкершілікпен қарап, Іңкәрдария және Ақжарма ауылдарында ауызсу мәселесінің шешілуіне ұйытқы болды. Батырбектің арқасында Іңкәрдария ауылына ауызсу келіп, жұртшылық көкөніс-бақша егіп, көшелерге тал отырғызылып, ауыл тірлігі жанданды. Ақжарма ауылының да қазіргі келбеті адам қызығарлықтай.

Біреу білер, біреу білмес, Тереңөзек кентінің жаңа қоныстану аймағының құрылыс алаңына айналып, сәулетті тұрғын үйлердің көптеп салынуында Батырбек Мәншәріповтің өзіндік қолтаңбасы, үлесі бар. Бұрын бұл маң орман шаруашылығының меншігіне өтіп, бос жатқан болатын. Болашақты ойлаған, кенттің жаңа тынысын ашуды көздеген, халықтың жер алып, баспаналы болуын қалаған Батекең облыс, аудан әкімдерінің тапсырмасымен елорда төріндегі министрліктерге дейін барып, жалпы көлемі 488 гектар жердің Тереңөзек кентінің теңгеріміне алынуына айрықша еңбек сіңірген.

Аудандық бюджет есебінен С.Сейфуллин ауылында тұңғыш рет балабақша салынды. Сол кездегі аудан әкімі Ғанибек Қазантаевпен бірге мәслихат хатшысы ретінде аудан орталығынан бастап барлық елді мекендердің дамуына зор еңбек сіңірді.

Айта берсек тектінің ұрпағы Батырбек Мәншәріповтің халық үшін сіңірген еңбегі орасан. Екі ауданда да өзінің қабілет-қарымымен, адамгершілік асыл қасиеттерімен танылып, екі ауданның Құрметті азаматы атағын алды. Өз сөзінде Батекең: – Мен атақ алу үшін емес, дос-жаран жинау үшін және әкемнің айтқанындай, елге қызмет ету үшін қолымнан келгенін аяғаным жоқ. Бұған алдыңғы толқын ағаларым, замандастарым, басқа да жаны ашитын кісілер өз көмегін берді, зор ықпалын тигізді. Сондықтан оларға шын жүректен ризамын, – деді.

Өмірінің негізгі байлығы балалары екенін Батекең сүйсіне әңгімелейді. Құдай берген балаларының өзі қалағандай білім алып, бірі дәрігер, бірі заңгер, бірі қаржыгер, бірі ұстаз болғанын мақтан етеді. Жан-жақта жүрсе де әке аманатына адал ұл-қыздарының өз атына кір келтірмейтініне сенімді. Немере-шөберелерінің қызықтарын көріп, жұбайы Сафура екеуі өткен кезеңдердің қиындықтарын ұмытып, бүгінгі күннің бақытын сезініп отырғандай.

Мейрамбек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.
Тереңөзек кенті

Балаңыз қараусыз қалмасын!

Мәселеге байланысты интернеттен «өзге елдерде балалардың құқығы қаншалықты қорғалады?» деген сұраққа жауап іздеп көрдік. Бірнеше мемлекетте балаларды қайғылы жағдайдан қорғайтын тұтас жүйе қалыптасқан. Кейбір штаттарда 12 жасқа толмаған баланы үйде жалғыз қалдыруға болмайтын заң бар. Егер қалдырған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады екен. Тіпті, бірқатар елде балалардың құқығын қорғайтын арнайы мемлекеттік агенттік те жұмыс істейді. Ал, біздің елде қалай?

Несін жасырайық, бізде сабақ алатын себеп көп. Балаға төнетін қауіп басым. Су мен өрттен, терезеден, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабына ұшырап, жазым болғандар туралы сандар жаға ұстатады. Егер бізде де балалардың құқығы қатаң бақыланатын болса, жағдай басқаша болар ме еді?!

Айталық, балалардың терезеден құлау оқиғасы көбіне көпқабатты тұрғын үйлерде орын алады. Қазір барлығы пластикалық терезе. Тұтқасын бұрап ашу да оңай. Желдеткіш көзі де төменгі жағына орналастырылады. Салдарынан жазатайым оқиға көп. Жалпы терезе орнатушылар үй иесіне ақпарат беруі тиіс. Оның қауіпті екенін және берік еместігін еске салған жөн.

Өңірде 2018 жылы – 4, 2019 жылы – 7, 2020 жылы – 6 бала терезеден құлаған. Ал, биыл 9 оқиғаға жеткен. Жас шамасы 1-6 жас аралығында. Оқыс оқиғадан 7 бала зардап шегіп, 2-уі қаза тапқан. Оқиғаның 90 проценті қала аумағындағы көпқабатты үйлерде орын алған.

– Көбіне ата-аналар балаларын қараусыз қалдырады. Терезе тұсқа үй жиһаздарын орналастырады. Бұл баланың оңай шығуына ықпал етеді. Жазда шыбын-шіркейге арналған тор орнатып жатады. Бірақ жұқа зат бала салмағын көтермейді. Мамандар ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын ұдайы ұйымдастырып жүр. Тіпті, адам көп шоғырланатын қоғамдық орындарда үгіттеу-түсіндіру парақтары таратылып, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында түсіндіру шараларын өткізуде. Алайда нәтиже көңіл көншітпейді, – дейді Төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау майоры Индира Омарқызы.

Нұргүл Қалжанова «Астана» мөлтек ауданының тұрғыны. Жас ана балаларының қауіпсіздігін ойлап, жақында қорғаныш құралын орнатыпты.

– Былтыр төртінші қабаттан пәтерлі болдық. Балаларым кішкентай. Үлкені 6-ға толса, кішісі 1 жарым жаста. Терезе алдына ойнауға құмар. Қауіпті екенін ескертемін. Бірақ түсіне қоймайды. Күнделікті жаңалықтарды үзбей көреміз. Балалардың терезеден құлап кеткенін көріп, уайымдап қалдым. Барынша жалғыз қалдырмауға тырысамын. Бірақ арасында дүкенге баруға тура келеді. Сондықтан қорғаныш құралын орнаттық, – дейді ол.

Жақында өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Саид Молдақараев қала, аудан аумағында орналасқан көпқабатты үйлердің тұрғындарына және қоғамдық орындар мен 7 сауда үйіне, базарлардағы 22 мыңнан аса адамға ұнпарақтар таратып, департамент қызметкерлері мамыр айында «Балалардың қауіпсіздігі» атты тақырыпта акция ұйымдастырғанын айтты.

– Акция аясында 35 жағдайы төмен, көпбалалы отбасына терезе ашылуын шектететін блокиратор орнатылды. Маусым айында қаладағы 3 балабақшаның кіші топтарының тәрбиешілері мен қызметкерлеріне терезеден құлау фактісін болдырмау, алдын алу бойынша сабақ өткізілді. Сондай-ақ қала мен елді мекендерге дабылды дауыс зорайтқыш қондырғысымен күнделікті құлақтандыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Дегенмен, атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, баласын қараусыз қалдыратын ата-аналар бар, – дейді ол.

1-бет

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26158 Тапсырыс №1237 | Кезекші редактор Ержан ҚОЖАСОВ